



ДУБІРЛІ ДОДАҒА  
ДАЙЫНДЫҚ

5-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30



МӘМС: ҚАРЖЫ  
ҚАЛАЙ РЕТТЕЛЕДІ?

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ЗАМАН ТӘУБЕШІЛІКТІ  
КӨТЕРМЕЙДІ

8-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі – тепе-теңдікті сақтауға ұмтылу. Біз әрдайым «Бейбітшілік бәрінен қымбат» деген қағиданы ұстанамыз. Қазақстан әлем қоғамдастығының жауапты мүшесі ретінде халықаралық құқық қағидаттарын қатаң сақтау, егемендікті құрметтеу және шекараның тұтастығына қол сұқпау қажет деп санайды.

№97  
(4685)  
Бейсенбі  
15 тамыз  
2024 жыл



# АСТАНА

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҚАНДАЙ ТАҒАМДАР АРЗАНДАДЫ?

Сауда комитеті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының Ұлттық статистика бюросындағы былтырғы және биылғы тамыз айындағы бағаларына талдау жүргізді.

Еліміз бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына енетін өнімдердің басым бөлігінің бағасы былтырға қарағанда арзандаған.

Атап айтқанда, жыл басынан сұйық майдың бағасы 15 пайызға арзандаған. Пиіз бағасы былтыр 177 теңге болса, биыл дүкен сөрелеріне 129 теңгеден сатылуда. Қырыққабаттың осыдан 1 жыл бұрын орташа бағасы 124 теңгені құрап тұр. Былтыр қанттың 1 келісі 434 теңгеге дейін жетсе, қазір оның бағасы 415 теңгеге арзандаған.

Сәбіздің келісі бір жыл бұрын 198 теңгеден саудаланса, биыл 188 теңгеден сатылуда. Бірінші сорт бидай ұнының 1 келісі 2023 жылдың тамызында 232 теңге тұрса, биыл 228 теңгеге түскен.

## КӨШЕЛЕР УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

LRT құрылысына байланысты елордада бірнеше көше жабылады.

Астанада 16 тамыздан сағат 00:00-ден бастап (15-інен 16-на қараған түні) 19 тамыз сағат 06:00-ге дейін, Мәңгілік ел даңғылы бойымен, Сығанақ көшесімен қиылысында екі бағытта қозғалыс жабылады.

Бұл ретте оңтүстік және солтүстік бағыттағы бұрылыс сьездері ашық болады.

Қоғамдық көлік қозғалысы Түркістан және Ақмешіт көшелері арқылы жүзеге асырылады.

## МЕКТЕПТЕР ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН БА?

Жаңа оқу жылы да жақындап қалды. Ата-аналар балаларын мектепке дайындау қарбаласымен жүр. Биыл Астанада 187 мектепте 282 мыңнан аса оқушы білім алады. Оның ішінде бірінші сыныпқа 24 мыңнан астам бала қабылданады. Мектеп табалдырығын алғаш аттайтын бүлдіршіндер үшін елордада ерекше жағдай жасалған. Қала мектептері жанынан ашылған қысқа мерзімді «Балақайлар мектебі» жұмыс істейді. Бұл жоба балабақшаларда да іске қосылған.



## ҮРІМЖІДЕН ВЕЛОСИПЕДПЕН КЕЛДІ

Қытайдың Үрімжі қаласынан велосипедпен жолға шыққан Бүрлен Әділетқызы есімді 20 жастағы қазақ қызы кеше Астанаға жетті.

Шыңжаң өлкесінің Дөрбілжін ауданында туған Бүрлен бұл велосипарын Қазақстан – Қытай арасындағы ынтымақтастықты қолдау мақсатында, «Бір белдеу, бір жол» жобасының 10 жылдығына арнағанын айтады.

Екі мың шақырымнан астам жол жүріп келген қазақтың қайсар қызын елордалықтар шашу шашып, қымыз ұсынып, ерекше ықыласпен қарсы алды.

«Астанаға аман-есен жетіп, сіздерді көргеніме өте қуаныштымын. Қазақстан мен Қытай арасындағы визасыз режим орнағаннан бері, саяхатшылардың саны артып келеді. Екі ел арасындағы достық нығая берсін деп тілеймін» дейді Бүрлен Әділетқызы қарсы алушыларға ризашылығын білдіріп.

QAZEXPO congress

**16-18  
ТАМЫЗ**

БАЛАЛАР ТАУАРЛАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ  
«KIDS EXPO  
БАЛАЛАР ӘЛЕМІ»

KIDS EXPO  
Балалар әлемі

КІРУ ТЕГІН

с 10:00 до 19:00

EXPO ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
КӨРМЕ ОРТАЛЫҒЫ  
МӘҢГІЛІК ЕЛ 53/1

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 523.69 \$ USD/KZT 479.44 ₪ RUB/KZT 5.22 ¥ CNY/KZT 66.91

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ӘКІМГЕ БІРҚАТАР МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде мәлімет берілді.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, қаладағы барлық негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Инвестиция көлемі 632 миллиард теңгеден асты. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13,2 пайызға артық. Өңдеу өнеркәсібі, медицина, білім, көлік және логистика салаларындағы жобалар белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр.

Президентке мектеп, қолжетімді баспана, медициналық орталықтар құрылысы, апатты жағдайдағы ескі үйлерді бұзу, тұрғын үй алаптарын дамыту, қаланы абаттандыру және

көгалдандыру мәселелері жөнінде баяндалды. Биыл 20-дан астам мектеп пен 4500 орындық 6 студенттік жатақхана салынады. Бұдан бөлек, елордада 170 аула мен қоғамдық орын, атап айтқанда, саябақтар, гүлзарлар, желек-жолдар абаттандырылып, 70-ке жуық көше жөнделді.

Астана әкімі құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үй кешендері бойынша атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар туралы айтты. 16 мыңнан астам үлескер-отбасының 15,5 мыңы баспаналы болды. Қалған үлескерлер пәтерлеріне осы жылдың соңына дейін қоныстанады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылыту маусымына дайындық жөнінде баяндалды. Биыл «Тельман» газ жылу станциясының бірінші кезегін, «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезегін, сондай-ақ №3 жылу-электр орталығының көмірмен жұмыс істейтін бөлігін іске қосу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту, шаһарды абаттандыру, сондай-ақ V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындықты пысықтау жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАҒИДАТЫН ҰСТАНАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселесі қаралды. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев ағымдағы жағдай мен іске асырылып жатқан шаралар туралы баяндады. Шағын және орта бизнес субъектілерін мысалға ала отырып, сатып алуға қатысудың басым құқығы есебінен өндіріс өсуінің оң серпіні көрсетілді.

Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жер қойнауын пайдаланушылардың, квазимемлекеттік және мемлекеттік сектордың сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесін 60%-ға жетізу туралы тапсырмасы бойынша жүйелі кешенді жұмыстар жүргізіп келеді. Бүгінде бірқатар сала оң нәтиже көрсетіп отыр – импорттың тұрақты қысқаруы және өндіріс көлемінің артуы. Мәселен, өңдеу өнеркәсібінде әкелінетін өнім көрсеткіші 7%-ға төмендесе, өндіріс көлемі 4%-ға артты. Машина жасауда, металл бұйымдарын, қағаз өнімдерін өндіруде сыртқы жеткізілімдерге тәуелділік төмендеді.

Қазір экономикасы қарқынды дамыған көптеген мемлекет ішкі нарықты қолдау және қорғау саясатын белсенді жүргізіп келеді. Халықаралық валюта қоры мұндай қорғау шараларының жартысына жуығы Қытай, Еуропалық Одақ және АҚШ экономикаларына тиесілі екенін атап көрсетті. Қазақстан әлемдік тәжірибені ескеріп, импорттық тауарлардың үлесін төмендеті отырып, өз өндірушілерін қолдау шараларын кеңінен қолдануда, деп атап көрсетті Премьер-министр. «Үкімет экономикалық патриотизм қағидатын қатаң ұстанатын болады. Біз қашанда отандық өндірушіні қолдаймыз. Бұл – әрбір әкімнің, әрбір салалық министрдің міндеті. Ол тек сөз жүзінде ғана емес, нақты іс жүзінде орындалуға тиіс» деп баса айтты Олжас Бектенов.

Ішкі нарықты қолдау жөніндегі шаралар заңнамалық деңгейде бекітіледі. Президент сатып алу рәсімдерін жүргізу кезіндегі талаптарды қатаңдатып «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңға қол қойды. Бұл ретте бүгінде сатып алу сапасын бақылауды одан әрі күшейтуді көздейтін түзетулер Мәжіліске енгізілді. Өзгерістер жаңа тепікті – отандық Тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімін енгізуді көздейді, оған өнім шығарып отырған, өндірістік қуаттары жетерлік, әрі қарай даму үшін әлеуеті мен жоспарлары бар нақты кәсіпорындар кіреді. Бұл платформаны құрудың негізгі мақсаты – еліміздің негізгі өндірістерін жүйелеу және отандық бизнесті қорғау. Тізілімге енген кәсіпорындар мемлекеттік қолдау шараларын басым тәртіппен алатын болады. Бұл ретте оларға өндірісті жаңғырту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, жалақыны өсіру бойынша қарсы міндеттемелер қойылады. Компаниялардың қызметін бақылау онлайн режимде цифрлық скрининг негізінде жүзеге асырылатын болады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Мониторинг салық және кеден қызметтері, еңбек инспекциялары және басқа да ведомстволар тарапынан жүргізілетін болады.

Үкімет басшысы импортты алмастыру жұмыстарын, оның ішінде офтейк-келісімшарттар арқылы жандандыра түсу қағидатына назар аударды.

«Самұрық Қазына» сияқты ірі субъектілер мен жер қойнауын пайдаланушы компаниялар тарапынан биыл 635 млрд теңгеге 382 ұзақмерзімді шарт пен офтейк-келісімшартқа қол қойылды, бұл соңғы жылдардағы рекордтық көрсеткіш. Сонымен қатар жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, химия және қағаз өндірісі материалдарының 4201 тауарына мемлекеттік сатып алуда басымдық берілуде. Өткен 7 айда аталған салаларда отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4 есе өсті.

Мәселен, Karlskrona LC AB сорғы жабдықтарын жергілікті өндіру тапсырыстарының өсімі 2024 жылы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 30%, 2022 жылмен салыстырғанда 70%-ды құрады, деп хабарлады бас директор Талғат Алпысбаев. «Радуга» зауытының жүктемесі іске асырылып жатқан шаралардың арқасында 30%-дан 100%-ға дейін өсті, ал биылғы жеті айда өндірілген өнім көлемі 3 есеге – 900 тоннадан 2 700 тоннаға дейін артты, деп хабарлады кәсіпорынның бас директоры Дмитрий Шарапаев.

Мемлекеттік сатып алуды реттеу мәселесінде Үкімет басшысы бірқатар міндеттер қойды. Өзекті мәселелердің бірі – қазақстандық тауарлар каталогтарының қайталануы, бұл өнімді импорттауға және одан әрі оны отандық тауар ретінде сатуға мүмкіндік береді.

## QARMET МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КОМБИНАТЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қарағанды облысына жұмыс сапары Теміртау қаласындағы Qarmet металлургиялық комбинатын аралап көруден басталды. Президент №3 домна пешінің жұмысымен танысты. Мұнда жылына 3,8 миллион тонна шойын өндіріледі.



«Qarmet» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев пен кәсіпорынның бас директоры Вадим Басин өндірісті дамыту үшін атқарылған және жүзеге асырылып жатқан жобалар жөнінде баяндады. Бұл мақсатқа 3,5 миллиард доллардан астам қаржы қарастырылған. Бұдан бөлек, 500 миллион доллар шамасында Көмір департаментіндегі және 978 миллион доллар көлемінде Темір рудасы департаментіндегі жобаларға қосымша инвестиция құю жоспарланған.

Кәсіпорын ғимараттар мен нысандарға ауқымды жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Биылғы жаңғырту бағдарламасына 100-ден астам нысан енген. 50 мың шаршы метр шатыр ауыстырылуда. Сонымен қатар бұған дейін қабылданған «Тазалық» бағдарламасына сәйкес 120 санитариялық-тұрмыстық ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіле бастады.

Мемлекет басшысына сляб пен блюм шығаратын №2 конверторлық цех пен металл әзірлемелерін үздіксіз құю машинасының жұмысы таныстырылды. Кәсіпорын басшылығы бүгінде мекеменің техникалық жағдайын бабында ұстап тұру, жөндеу жүйесін, сондай-ақ кристалдандырығыш айналым жүйелері мен барлық машина сегменттерін жетілдіру басты міндет екенін атап өтті. Келесі жылы басқару және гидравлика жүйелерін жаңғырту жұмыстары атқарылмақ.

Андрей Лаврентьевтің айтуынша, іске асырылып жатқан жобалар комбинат жұмысын тұрақтандырып, компанияның «5-9-5» бағдарламасының

орындалуына болжам жасауға мүмкіндік берді. Қабылданған стратегияға сәйкес кәсіпорын 2028 жылға қарай жылына 5 миллион тонна болат шығару үшін атқарылған және жүзеге асырылып жатқан жобалар жөнінде баяндады. Бұл мақсатқа 3,5 миллиард доллардан астам қаржы қарастырылған. Бұдан бөлек, 500 миллион доллар шамасында Көмір департаментіндегі және 978 миллион доллар көлемінде Темір рудасы департаментіндегі жобаларға қосымша инвестиция құю жоспарланған.

Мемлекет басшысы комбинатты табиғи газға көшіру маңызды шешім екенін атап өтті. Бұл бастапқы кезеңде қоршаған ортаға келетін зиянды 30 пайызға төмендетуге мүмкіндік береді. Биыл күзде Теміртау қаласында экологиялық таза көлік түрі – трамвай желісі қалпына келтіріледі.

Президент өнеркәсіп қауіпсіздігі, өндірістің тиімділігін арттыру және жаңғырту, аймақтың экологиялық ахуалын жақсарту бағытында жүзеге асырылып жатқан жобалардың мерзімі мен жоғары сапа стандарттарын қатаң сақтау қажет екеніне баса назар аударып, бірқатар нақты тапсырма берді. «Біз отандық инвесторды шақыру арқылы дұрыс шешім қабылдадық. Олар бірден іске кірісті. Комбинаттағы жағдай бұрынғымен салыстырғанда айтарлықтай жақсарған. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды. Ең басты міндет – Qarmet кәсіпорнының баяғы даңқын қайтарып, әлеуметтік мәселелерді шешуге баса мән беру. Бұл бағыттағы жұмыс басталып кетті. Одан хабардармын. Мен комбинатқа жыл сайын келіп, оның даму барысымен танысып тұрамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазіргі кезде «Qarmet» акционерлік қоғамында 34 мыңнан астам жұмысшы еңбек етеді. Металлургиялық комбинаттың өндірістік қуаты жылына 5,3 миллион тонна болат өндіруге жетеді. Былтыр кәсіпорын 2,9 миллион тонна дайын өнім шығарған. Оның 2,1 миллион тоннасы Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Грузия, Әзербайжан және Ауғанстан елдеріне экспортталды.

Бұдан соң Мемлекет басшысы Qarmet Креативті технологиялар орталығын аралап көрді. Аталған орталық металлургиялық комбинаттың басын қосатын орынға айналды. Президентке «Qarmet» акционерлік қоғамының профильдік емес активтерді басқару жөніндегі директоры Алмас Сиранов Орталықта роботты техника, автомобильдеу, ұшқышсыз басқарылатын дрондар секциялары, бағдарламалау, блоггерлер, журналистика, документалистика мектептері, подкаст студиясы және басқа да шығармашылық бағыттағы үйірмелер ашылғанын жеткізді.

Оның айтуынша, Орталық тек металлургиялық комбинаттың ғана емес, Теміртау қаласының көрнекті нысанына айналады. Мұнда жастар кәсіби бағдар алып, өздерінің инженерлік дағдыларын шыңдайды.

Президент кәсіпорын жұмысшыларымен және ардагерлерімен, сондай-ақ кәсіподақ өкілдерімен әңгімелесу барысында еңбек адамы ең жоғары құрметке лайық екенін атап өтті. Бұл ретте мемлекет тарапынан олардың әл-ауқатын жақсарту үшін барлық жағдай жасалып жатқанын жеткізді.



## САММИТТЕН KEЙІНГІ ОЙ

Төлен  
ТІЛЕУБАЙТӨРТ МӘСЕЛЕНІҢ  
ТҮЙІНІН ТАРҚАТТЫ


Осы алқалы жиынның алдында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Орталық Азияның ренессансы: орнықты даму және өркендеу жолы» атты мақаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы он жыл Орталық Азияның болашағын айқындайтын кезең болатынын, осынау тарихи мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдалана алатынымыз тек өзімізге байланысты екенін атап көрсетті. Президент осы мақаласында төрт негізгі мәселенің мәнісіне терең бойлап, түйінін тарқатып берді. Олар – даму мақсаттарының ортақтығы, дамудың жаңа кезеңіндегі аймақтың атқаратын рөлі, өзара ықпалдастықтың жаңа форматы, өңірлік ықпалдастықтың келешегі.

«Дамудың жаңа тарихи кезеңінде елдеріміз көптеген сынақ пен қиындықты бастан өткерді. Дегенмен Орталық Азия республикалары «қалыптаспаған мемлекеттердің» қатарына немесе failed states деп аталатын топқа қосылады деген пессимистік болжам расталған жоқ. Аймақтағы елдер өздерінің қалыптасқан дербес мемлекет екенін дәлелдеп, халықаралық қауымдастықтағы лайықты орнын алды. Халықтарымыздың бірлігі мен даналығының арқасында біз өзіміздің аумақтық тұтастығымызды, еркіндігіміз бен егемендігімізді нығайттық. Бүгінде өңірдегі әрбір елдің мемлекеттік құрылыс, нарықтық экономиканы дамыту, мәдени мұрасын қалпына келтіру, ұлттық бірегейлігін қалыптастыру ісінде өзіндік тәжірибесі бар десек, артық айтқандық емес» дей келе Мемлекет басшысы өңірдегі елдердің ұлттық экономикасының дамуы, мемлекетаралық қатынастардың жаңа деңгейге көтерілуіне нақты мысалдар келтіріп, дәйекті ой-пайымдарын ортаға салды.

Екіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев күн сайын аймақтың жаһандық деңгейдегі рөлінің артып, бақ-беделінің өсіп келе жатқанын тоқталды. «ОА плюс» форматындағы жаңа диалог орындарының пайда болуы Орталық Азияның халықаралық саясат субъектісі ретіндегі саяси салмағы арта түскенін аңғартады. Осыған дейін мұндай форматта 9 саммит және жоғары деңгейдегі кездесу өтті. Кейінгі екі жылда «ОА – РФ» (Астана), «ОА – ҚХР» (Сиань), «ОА – АҚШ» (Нью-Йорк), «ОА – ГФР» (Берлин) бірінші саммиттері, ОА және Еуропалық Одақ мемлекеттері басшыларының екі кездесуі

БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ –  
ӨҢІРЛІК ЫҚПАЛДАСТЫҚ

Әлемдегі геосаяси ахуал тұрақсыз болып тұрған кезеңде тұтастық пен бірлік, өзара сенім мен достық бәрінен де маңызды екеніне көзіміз жетті. Өткен аптада Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI консультативтік кездесуі өңірдегі алты елдің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, толыққанды ықпалдастықты қалайтынын анық көрсетті. Бұл қадам – әлемдік экономика мен саясаттағы жаңа басты ойыншы – Орталық Азияның жаңа бет-бейнесінің қалыптасып, жаһанның назарын өзіне аударғанын дәлелдеді.



(Астана, Шолпан-Ата), «ОА – ПШАМЫК» (Жидда) бірінші саммиті, сондай-ақ «ОА – Үндістан» саммиті (онлайн форматта) өткізілді. Биыл Астанада алғаш рет «ОА – Жапония» саммиті өтеді. Осы форматтағы өзара ықпалдастыққа басқа да елдер, халықаралық ұйымдар қызығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн. Осылайша, өңірдің әлемдік арена субъектісі ретіндегі орнын бекітуге маңызды қадам жасалып жатыр» деп жазады Президент. Мемлекет басшысы Орталық Азияны Еуропа мен Азияның арасындағы көпір ретінде ғана емес, халықаралық қатынастар саласында жаһандық деңгейдегі жаңа орталыққа айналуға қабілетті жеке ойыншы ретінде танытатын уақыт келгеніне сенімді екенін қадап айтты.

Сонымен қатар Президент белсенді саяси диалог пен ниет бекітудің ықпалдастықты дамыту ісінде маңызды ұйыстырушы факторға айналғанына назар аударды. «Өңірдегі мемлекеттер бір-бірінің тәуелсіздігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын құрметтеу, келіспеушіліктер туындай қалса оны бейбіт жолмен шешу сияқты іргелі қағидаттарға негіздел-

ген ынтымақтастықтың Орталық Азияға ғана тән бірегей үлгісін қалыптастырады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Өңірлік ықпалдастықтың келешегі туралы жалпы пайым» деп аталатын бөлімде Мемлекет басшысы өңірдің және оны мекен еткен халықтардың тағдырын айқындайтын бірқатар маңызды мақсат-міндеттерге жеке-жеке тоқталды. «Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі – тепе-теңдікті сақтауға ұмтылу. Біз әрдайым «Бейбітшілік бәрінен қымбат» деген қағидамыз ұстанамыз. Қазақстан әлем қоғамдастығының жауапты мүшесі ретінде халықаралық құқық қағидаттарын қатаң сақтау, егемендікті құрметтеу және шекараның тұтастығына қол сұқпау қажет деп санайды» дей келе Президент ұзақ мерзімге даму мен өркендеудің алғышарты – бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, Орталық Азияның айналасында күрделі әскери-саяси ахуал сақталып отырған қазіргі жағдайда қорғаныс саясаты мен қауіпсіздік саласында бірлесу әрекет жасау қажеттігі туындайды. Өңір-

лік қауіпсіздік жүйесін құру, оның ішінде Орталық Азияның қауіпсіздігіне байланысты сын-қатерлер тізімін және оның алдын алу шараларын әзірлеу мәселесі өте өзекті. Президент сондай-ақ, экономикалық әлеуетімізді одан әрі арттыру, ықпалдастықты тереңдету, өңірдің жер жүзіндегі ең маңызды көлік-логистика және транзит тізімін және бірінші айналуы, су, энергетика және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдарды әзірлеу, ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланыстарын үйлестіру негізінде елдеріміздің өркениеттік бірегейлігін қалыптастыру сияқты мәселелерге қатысты нақты пайымдарын ашық жеткізеді.

«Геосаяси белгісіздік белең алып, әлемдік тәртіптің қалыптасқан үлгісі ыдырап тұрған қазіргі жағдайда бұл – шын мәнінде, бірден-бір оңтайлы тәсіл. Біздің болашағымыз бірлігімізді нығайтуға, өзара сенімді арттыруға және барша әлемге ашық болуға байланысты. Осы қағидаттардың негізінде ғана біз Орталық Азияның серпінді, инновациялық және мәдени бай өңір ретін-

дегі ренессансын қамтамасыз ете аламыз. Өңірлік бірлік парадигмасын күшейту қазіргі және болашақтағы сын-қатерлерге барынша лайықты жауап болады, жағымсыз үрдістерді тежеуге қатысты ортақ ұстанымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді, кез келген сыртқы күшке қарсы тұруға қажетті пәрменді шаралардың негізіне айналады» деп ой түйіндейді Мемлекет басшысы.

АЛТЫНШЫ  
КЕЗДЕСУДІҢ НӘТИЖЕСІ  
ҚАНДАЙ?

Иә, бұған дейін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Астанада, Ташкентте, Түрікменбашыда, Шолпан-Атада, Душанбеде бес консультативтік кездесуі өтті. Мемлекет басшысы аталған мақаласында осы бес кездесудің нәтижесінде өңірлік ықпалдастық барынша тереңдеп, кеңейіп түскенін атап айтты.

«2018 жылы Астанада өткен алғашқы кездесуде өңірдегі бес елдің ықпалдастығына қатысты негізгі бағыттар айқындалды. Соның арқасында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы байланыстар жандана түсті.

2019 жылы Ташкенттегі екінші кездесуде Орталық Азия көшбасшылары өңірлік ықпалдастықты нығайта түсетін болашағы зор бірқатар бастама көтерді. Атап айтқанда, Қазақстан XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту үшін Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа қол қою, сондай-ақ өңір елдерінің Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының тұрақты кездесуін өткізу қажеттігі туралы ұсыныс білдірді. Саммиттерді өткізу регламентінің қабылдануы басқосудың маңызды нәтижесі болғаны даусыз. 2021 жылы Түрікменбашы қаласындағы үшінші саммит өте мазмұнды өтті. Мемлекет басшылары Парламентаралық форум мен Жастар форумын шақыру, Іскерлік кеңес құру туралы бастама көтерді. Консультативтік кездесулер сивиликасының бекітілуі де айтулы қадам. 2022 жылы Шолпан-Атада өткен төртінші кездесудің басты саяси қорытындысы ретінде XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту үшін Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы бесжақты шартқа қол қою рәсімінің басталуын, сондай-ақ Орталық Азияның «Жасыл күн тәртібі» бағдарламасының және көпжақты форматтар аясындағы ықпалдастық тұжырымдамасының

бекітілуін айтуға болады. 2023 жылы Душанбедегі мерейтойлық бесінші кездесуде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерінің форматын институттандыру жолында алғашқы қадам жасалды. Елдердің көшбасшылары Ұлттық үйлестірушілер кеңесін (Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулері істері бойынша) құру туралы шешім қабылдады» деп тарқатып жазды әр саммиттің тарихын, онда қабылданған нақты шешімдерді Президент.

Ал алтыншы басқосуда екі маңызды құжат: Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Бірлескен мәлімдемесі; «Орталық Азия – 2040» аймақтық кооперацияны дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Сондай-ақ Орталық Азия мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесі арқылы мынадай екі құжатқа қол қойылды: 1. Аймақтық ынтымақтастықты дамыту бойынша 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы. 2. Орталық Азия мемлекеттерінің өндірістік кооперациясын дамыту бойынша 2025-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2027 жылға дейінгі Аймақтық ынтымақтастық дамытудың жол картасы өзара ықпалдастық тетіктерін жетілдіру тұрғысынан айтулы оқиға болғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, бұл құжат үкіметтердің үйлесімді жұмысын жетілдіреді және осы алаңда ұсынылған бастамалардың орындалу барысына бақылауды күшейтеді. Ал «Орталық Азия – 2040» өңірлік кооперациясын дамытуға бағытталған тағы бір маңызды құжат – Орталық Азия мемлекеттерінің өндірістік кооперациясын дамыту бойынша 2025-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары. Мемлекет басшысы осы және өзге де іс-шаралар халықтарымыздың игілігі жолындағы жан-жақты аймақтық ықпалдастыққа бәріміздің бейбіт екенімізді көрсететінін мәлімдеді.

Бұдан бөлек, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі аясында ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды:

1. Орталық Азия мемлекеттерінде көлік-логистикалық орталықтарын дамыту жөнінде өзара түсіністік туралы меморандум;

2. Орталық Азия мемлекеттері энергетика министрлерінің бірінші кездесуінің қорытындысы бойынша коммюнике;

3. Орталық Азия мемлекеттері көлік министрлерінің екінші кездесуінің Астана коммюникесі.



№97 (4685) 15/08/2024 Бейсенбі

## БАЗАР ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАДЫ



Кеше Астанадағы ең үлкен қойма және сауда орталығы саналатын Шарын базарына Аманат партиясының өкілдері рейд жүргізді.

Іс-шараның басты мақсаты – Аманат партиясының Республикалық сайлауалды бағдарламасындағы «кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасау, «Шарын» базарының аумағын абаттандыру, коммуникациялар, орталықтандырылған су жүргізу» хат-

тамалық тапсырмасының қаншалықты жүзеге асып жатқанын көзбен көру. Сондай-ақ халық ең көп келетін базардың жөндеу жұмыстарымен танысу.

Аталған іс-шараға Аманат партиясы Астана қалалық филиалы-

ның Атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек және Астана қаласы мәслихатының депутаттары, Өңірлік даму мәселелері жөніндегі кеңестің және Аманат партиясының Астана қалалық филиалы жанындағы Экономика және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі кеңестің төрағалары, партияның елордалық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы, «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» және Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшылары қатысады.

Партияның алға қойған мақсаттарының бірі – халықтың әл-ауқатын арттырып, оларға қолайлы жағдай жасау, кәсіпкерлікті дамыту екенін айтқан Аманат партиясы Астана қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек Шарын базарының жөндеу жұмыстарының уақтылы бітуін қадағалау керектігін баса айтты. Сондай-ақ қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының қарқынды жүргізілмей жатуының себебі құжаттарға байланысты екенін айтып, базар басшылығы мен жауапты органдарға құрылыс жұмыстарын уақтылы аяқтап, базар аумағын сапалы абаттандыруды тапсырды.

## ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ САҚТАЛУЫ ТИІС

Астана қаласы Дін істері басқармасының қолдауымен Діндерді зерттеу орталығы мектеп педагогтарының біліктілігін арттыру бойынша семинар ұйымдастырды.



Айгүл  
УАИС

Жиында мектеп оқушыларының деструктивті діни ағымдардың идеологиясынан қорғау, анықтау және оңалту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, деструктивті діни отбасылардың балаларымен жұмыс жасаудың тәсілдері сияқты қазіргі қоғамымыз үшін өзекті мәселелерді талқыланды. Мектептерде зайырлылықтың негізгі принциптерін сақтау, мектеп формасының маңыздылығын ескеру, оқушыларды деструктивті діни ағымдардың ықпалынан қорғау,

деструктивті діни бағыттағы оқушыларды анықтау және олармен оңалту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру жиынның басты мақсаты болып табылады. Семинарда тарихшы мұғалімдерге, психологтарға және мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарларына оқушылармен жұмыс істеудегі негізгі проблемалық мәселелер және олармен осы бағытта қалай жұмыс істеу керектігі айтылды.

Жиында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитеті төрағасының орынбасары Әділбек Сейфуллин сөз алып, қазіргі қоғам

алдында тұрған өткір мәселелердің бірі жастар тәрбиесі екенін айтты. Ол «Ұрпақ тәрбиесінде орта мектептердің ұстаздарына да артылар жүк аз емес. Бүгінгі күні жат діни ағымдар өздерінің сенімдерін қалыптастырып, қатарларын толтыру барысында, көптеген қазақ жастарының ойын, санасын ұлап, өздерінің сенімдеріне қосып, қатарларын көбейтуге тырысып бағуда. Біз олардың әрекетіне барынша тосқауыл бола білуіміз керек. Осы орайда Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, сондай-ақ жергілікті жауапты мекемелер тарапынан да көптеген шаралар жүзеге асырылуда» деді.

Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Қайролла Көшқали, Республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, теолог-эксперт Жандаулет Сүлейменов және басқа да астаналық білім беру орындарының басшылары, психолог-мамандар ортақ мәселе бойынша пікір алысты.

Жаңа оқу жылында оқушыларды деструктивті діни ағымдардан қорғау, деструктивті діни ағымдардың белгілерін тану және оңалту тиімді жұмыстарын ұйымдастыру тәсілдеріне мән беріп, сондай-ақ психология тұрғысынан өзекті проблемалық мәселелердің себептеріне ерекше назар аударылатын болады.

## ҚЫЗДАРҒА АРНАЛҒАН КУРС

Елордада «Қызым, саған айтам...» атты ұлттық зияткерлік курсы басталды. Астаналық Дін істері жөніндегі басқармасы мен Діндерді зерттеу орталығы бірлесе ұйымдастырған іс-шараға 40 қыз бала қатысуда.

Индира  
БЕРЖАНОВА

Зияткерлік курсы 12 мен 20 жас аралығындағы қыздар арасында ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттауға, қазақы болмыс пен салт-дәстүрлерді дәріптеуге бағытталады. Екі күнге жалғасатын курста «Қыз-келіншектердің ұлттық киімдері», «Қазақтың асыл аналары», «Мақал – сөздің мәйегі» атты теориялық дәрістер өткізіледі. Сонымен қатар қатысушылар «Сырғалым» және «Шашбаулым» топтарына бөлініп, ашытқы дайындау, бауырсақ пен шеллек пісіру, қамыр илеу, табақ тарту сынды елімізге танымал дизайнерлердің қолөнер шеберлік



Астана қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен «Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қаладағы «Инфинити-1» тұрғын үй кешенінде ілінген және дизайн кодына сай келмейтін маңдайша мен жарнамаларды алып тастау жұмысын жүргізіп жатыр.

## БІРЫҢҒАЙ ДИЗАЙН-КОДҚА САЙ МА?



Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ономастика және әдістемелік жұмыстар бөлімінің бас маманы Айгүл Иманғалидің сөзінше, былтыр қалада заң талаптарына және дизайн кодқа сәйкес келмейтін 9 мыңға жуық маңдайша мен сыртқы жарнама алынып тасталды.

– Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы 2023 жылдан бастап «Тіл тазалығы – баршаға ортақ іс» жобасының аясында қаладағы сырт-

қы жарнама мен көрнекі ақпараттарды заңдастыру және тілдік норма талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Елордада 1 қаңтардан 1 мамырға дейінгі аралықта заң талаптарына қайшы, дизайн кодқа сәйкес келмейтін 1504 маңдайша мен 1021 сыртқы жарнама алынып тасталды. Былтыр олардың саны 8857 мың болған. Бұл жұмыс әрі қарай жалғасатын болады, – деді басқарма өкілі.

## ИТТЕР ЖАРЫСЫ ӨТЕДІ

Елордадағы Триатлон саябағында алдағы сенбі, яғни 17 тамызда Dogs марафоны өтеді.



сағаттарына қатысты. Балаларының өнерін тамашалауға келген аналары «Ақ жаулық» тобына бөлініп, оларға ұлттық құндылықтарға негізделген танымдық дәрістер мен «Алғашқы медициналық көмек», «Жасөспірім балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасы» тақырыптарында семинар-тренингтер ұйымдастырылды.

«Бүгінгі қыздар – ертеңгі келіндер, болашақ аналар. Сондықтан, қызды тәрбиелеу – тұтас ұлтты тәрбиелеу. Ұрпақ жалғастыратын қыздардың бойына әдептілік пен ибалылық қасиеттерін сіңіруде отбасының рөлі орасан. Зияткерлік курсына қыздарын қатыстырып отырған ата-аналарға алғыс айтып, ризашылық білдіремін. Жобаға қызығушылар саны көп, сол себепті алдағы уақытта курсты дәстүрлі негізде жыл сайын өткізу жоспарда бар» деді іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген қалалық Дін істері жөніндегі басқарманың басшысы Қайролла Көшқалиев. Алғашқы күні қолөнерден әртүр-

лі шеберлік сабақтары, ұлттық киім үлгілерінің көрсетілімі, яғни дефиле, ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдар қатысушыларға таныстырылды. Әр қыз балаға естелік ретінде тақия мен ұлттық оюмен өрнектелген шопперлер сыйға тартылды.

«Зияткерлік курсы туралы анамнан естідім. Өзім ұлттық құндылық тақырыпына қатты қызығамын. Маған әсіресе, ерекше қазақы тағамдар дайындаған ұнайды. Курста қамыр жаю, нан илеу, бауырсақ пісіруді білікті мамандардан үйренгім келеді. Бұл дағдыларды әр қазақтың қыз баласы білуі тиіс деп санаймын» деді курс қатысушысы, 15 жасар Нұрай Шойбек.

«Қызым, саған айтам...» курсының екінші күні балалар мен аналары бірге ашық аспан астында кино көріп, орнамал тастау, айгөлек, сақина салмақ сынды ұлттық ойындар ойнайды. Дастархан жайылып, қатысушылар өздері дайындаған бауырсақ пен ұлттық тағамдарды көпшілікке ұсынады.

## ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



безендіру және ішкі интерьер тұжырымдамасын жасауды тапсырды.

Сондай-ақ штаб мүшелеріне брендтелген кондитерлік өнімдер, картиналар, салпыншақтар, кітаптар, футболкалар, жібек бөкебайлар, тоңазытқыш магниттері, ыдыстар және басқа да кәдесыйлар таныстырылды. Ойындар аясында этноауылда барлығы 200 сауда нүктесі және қалада 7 алаң жұмыс істейді деп жоспарланған. Бекітілген дүңгіршектердің әрқайсысында өндірушілердің кәдесыйлары белгіленген бағамен сатылады.

Ерлан Каналимов ойындардың барлық нысандарында тағамдар мен сусындардың белгіленген бағасына ерекше назар аударуды тапсырды. «Іс-шараға аккредиттелген такси қызметтері автокөліктің тазалығын, жүргізушілердің ұқыпты келбетін, ағылшын тілін білуін, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу мүмкіндігін, сондай-ақ нақты белгіленген тұрақ орындарының болуын қамтамасыз етуі тиіс» деді ол.

Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына бір айдан аз уақыт қалды. Осы ойындарды өткізу бойынша қалалық штаб отырысында дүбірлі дода кезінде қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Сонымен қатар кәдесый өнімдерін сату орындары мен ойынға қатысушылар мен қонақтарға қызмет көрсететін такси қызметтерінің жұмысы тексерілді.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу бойынша қалалық штаб басшысының орынбасары, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, қазіргі уақытта тамақтануға 9 орын бөлінген. Кәсіпкерлер 62 нүктеде өнімдерін ұсынуға дайын. Олардан 55 өтінім келіп түскен. 7-13 қыркүйек аралығында этноауылда 20 қоғамдық тамақтану орны ұйымдастырылады. 20 компанияның арасында брендтік еуропалық және қазақстандық кофеханалар, ұлттық, шығыс және еуропалық тағамдар мейрамханалары, танымал фаст-фуд желілері мен қазақстандық және италиялық балмұздақ, десерт өндірушілері бар.

Ерлан Каналимов отырыс қорытындысында бірыңғай баға саясатын әзірледі және белгіленген бағаларды бекітуді, қоғамдық тамақтануды нысандары үшін навигацияны оңтайландыруды, тамақтану пункттерін бірыңғай стильде



## КЕНТТЕР ДАМУЫНА АТСАЛЫСТЫ

Қазақстанның Құрметті теміржолшысы Зейнолла Шібкенов Астана қаласы мәслихаты V-VI шақырылымдарының депутаты болды. Оның сайлау округіне Өндіріс және Кирпичный тұрғын алаптары қарайтын. Қазір бұл кенттерді дамыту бойынша біршама жұмыс еңсерілді. Мұның біразын Зейнолла Рахымұлы депутат кезінде көтерген еді. Бүгіндері елорданың Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде бас қаланың өрлеуіне атсалысып отыр.



Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Қызмет бабымен V және VI шақырылымдардағы қалалық мәслихаттың отырыстарына барып жүргенімізде №10 сайлау округінен депутаттыққа сайланған Зейнолла Шібкеновтің қаланың өзекті мәселелерін көтергенін талай көрдік. Соның ішінде Өндіріс және Кирпичный тұрғын алаптарының инфрақұрылымы, атап айтқанда, жол, нөсер сулары кәрізі жүйесі, жарықтандыру, әлеуметтік нысандардың құрылысы мәселелері айтылатын.

Сол уақытта Жаңажол көшесіндегі жол мәселесі күрделі еді. Тиісті жоспар бойынша төрт жолақты болуға тиіс көшенің жолы екі жолақты болып салынып кеткен. Ортасын теміржол бөліп тұрған осы жолда ығи кептеліс орын алып жататын. Зейнолла Рахымұлы жолды кеңейтуге

бюджеттен қаржы бөлу туралы мәселе көтеріп, нәтижесінде жол қатынасы жақсарды.

Жалпы Өндіріс те, Кирпичный да Байқоңыр ауданына қарайды. Зейнолла Шібкенов тиісті мәселелерді шешу үшін осы аудан бюджетін ұлғайту ту-

ралы жиі айтатын. Сондай-ақ қысқа жолдарды жөндеу жұмысын Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына емес, аудандардың әкімдіктеріне тапсыруды, соған сәйкес бюджет қаржысын да аудандарға аударуды ұсынғаны бар. Оның пікірінше, бұл тиімді болып, аудандар жолдарға асфальт төсеу мен жөндеуді өздері жоспарлай алушы еді.

Зейнолла Рахымұлының араласуымен №23, 34, 48 мектептер маңында жаяу жүргіншілер жолы салынды, жалпы 10 шақырымнан астам тротуар төселіп, 20 көше асфальтталды. 40 көше жарықтандырылып, екі футбол алаңы, балалар ойын алаңы салынып, дәрігерлік амбулатория ашылды. Ол қарт адамдар мәселесіне ерекше көңіл бөлетін. Депутаттың қолдауымен кенттер-

де ардагерлердің екі кабинеті, Өндіріс тұрғын алабында дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды.

Кирпичный тұрғын алабында №12 балабақша-бастауыш мектеп кешені жұмыс істейді. Бастауыш мектеп болса да, онда оқушылар саны шамадан тыс асып кетіп, сол себептен кейбір балалар басқа мектептерге барып оқуға мәжбүр еді. Зейнолла Шібкенов депутат кезінде кешенді балабақша ретінде қалдырып, жаңа мектеп құрылысын бастауды ұсынды. Нәтижесінде 2021 жылы тұрғын алапта мектеп салына бастады. Биыл жаңа оқу жылы басталғанша 600 оқушыға арналған бұл мектеп пайдалануға беріледі.

«Кенттердің мәртебесі мәселесін шешу керек. Олардың мәртебесі анықталмағаннан кейін көптеген проблемалар туындайды. Тиісті органдар тұрғын алаптарда өнеркәсіптік аймақ орналасады деп айтады. Солай болғанмен де, халықты ойлау керек. Шет аймақ деп бөлмей, тұрғындарға жайлы жағдай жасау қажет» дейді Зейнолла Шібкенов.



Астана қаласы мәслихатының депутаты Азамат Айтхожин Железнодорожный және Интернациональный тұрғын алаптарын аралап, Аманат партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасына сәйкес қолға алынған жұмыстармен танысты.

## ЖАРЫҚПЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖАҚСАРАДЫ

Оның айтуынша, Железнодорожныйда Жол картасы аясында айналма жолдың қалалық жұқпалы аурулар аруханасына дейінгі бөлігінде жөндеу жұмыстары белсенді жүргізіліп жатыр. «Жолдың бұл бөлігі бұрын нашар жағдайда болып, жүргізушілерге қауіп төндірген және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген. Көптен күткен жөндеу жұмыстары ақыры басталды және жолды жаңарту ауданның барлық тұрғындары үшін жағдайды айтарлықтай жақсартатынына сенімдімін» деді депутат. Сонымен қатар кентте нөсер көрінінің құрылысы белсенді жүргізілуде.

Аталмыш тұрғын алаптары Екібастұз көшесін жөндеу биыл аяқталуы тиіс. Алайда қазіргі уақытта тиісті жұмыс тоқтатылды. Мұны тоқтатып, мерзімнен кешігу себептерін депутат қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын

дамыту басқармасынан анықтайтын болды.

Депутат Интернациональный және Железнодорожный тұрғын алаптарын жарықпен жабдықтауда маңызы зор «Қазбек» 110 кВ қосалқы стансасының құрылыс барысын көрді. Қазіргі уақытта нысандағы жұмыстар жанданған.

«Қазір құрылысқа 15 адам жұмылдырылып, жоба толығымен қаржыландырылды. Бұл нысан ұзақ уақыт бойы жосықсыз мердігерлердің кесірінен проблема болды. Қазір құрылыс жұмыстары ерекше бақылауда және қосалқы стансаны белгіленген мерзімде пайдалануға беру үшін барлық жағдай жұмсалуда. «Қазбек» 110 кВ қосалқы стансаның құрылысын аяқтау аталған аудандар тұрғындарын электрмен жабдықтауды қамтамасыз етудегі маңызды қадам болып, өмір сүру сапасын едәуір жақсартады» дейді Азамат Айтхожин.

## СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛАР ЖАЙЫ МЕН ҚАЛА КЕЛБЕТІ

Астана қаласы мәслихатының отырысында елордада студенттерді жатақханамен қамту мәселесі талқыланды. Депутаттарға «Астанада студенттік жатақханалар құрылысы» атты мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы таныстырылды.

Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желіде мына мәліметтерді жазды: қазір бас қаланың жоғары оқу орындары баланың 16 мың төсек-орынға арналған 43 студенттік жатақхана бар. Жалпы қажеттілік – 6 мыңнан астам орын. Тек биыл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 5 жатақхана ашу жоспарланған. Соның бірі – Алматы ауданындағы 2700 орындық студенттік қалашық. Тағы екеуі 2025 жылы тапсырылмақ.

Бүгінде Астанада 32 колледж бар. Соның 9-ы – мемлекеттік. Қаладағы колледждердің 90 пайызы оң жағалауда орналасқан. Сарыарқа ауданында 17 колледж шоғырланған. Мұндағы 5 мемлекеттік колледжде 4700 студент оқиды. Мемлекеттік колледждегі жалпы қажеттілік 2 мыңнан астам төсек-орын.

Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов жобаны іске асырушылардың барлығы тең дәрежеде және жауапкершілік үлесі бірдей болуы тиістігін атап өтті. «Мәселе тек Астана үшін ғана емес, бүкіл ел үшін өзекті. Ата-аналар балаларын басқа қалаларға оқуға жібергенде олардың өміріне еш қауіптің жоқтығын, ұйқы, тамақтану және бос уақыт үшін жағдай жасалғанын білуі керек» деді ол.

Сондай-ақ қалалық мәс-

лихат отырысында Астананың сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау ережелері талқыланды. Тиісті бағандары қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов жасады.

Жиында көгалдандыру, көше және сәндік жарықтандыру, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды безендіру, жарнамалық белгілер, тұрғын үй қорын қорғау, басқа да мәселелер ортаға салынды. «Көптеген талаптар әлі де жетілдірілмеген. Елорда дизайн кодына қатысты да соны айтуға болады. Ол әлі күнге дейін анықталмаған. Бұған заманауи көзқарастар қажет» деді Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, көптеген мәселелердің шешімі Мәжіліс депутаттарының «Құрылыс» кодексін және «Жарнама туралы» заңды қабылдауына тіреліп тұр. Ал қалалық мәслихат қала әкімдігімен бірге елорданы абаттандыруды бірыңғай ережелерін әзірлеп жатыр. Бұл үдеріс сәулет келбетін жақсартуға ықпал етеді. Мәслихат хатшысы Астананың оң жағалауына ерекше назар аударып, туристер мен бизнес үшін тартымды етуге тапсырма берді.

№97 (4685) 15/08/2024 Бейсенбі

1-сыныпқа дайындау үшін кейбір ата-аналар материалдық қажеттілікке ғана мән беріп, баланың әуелі білім алуға баратынын естен шығарып жатады. Енді бірі мектепке барған соң, үйреніп алар деп, оның білім деңгейіне аса мән бермеуі мүмкін. Десе де, бүгінде мектепке бармастан-ақ баланың зейіні зерек болғаны дұрыс. Сондықтан балалардың мектепке бейімделуін жеңілдетіп, педагогтардың болашақ оқушыларымен жақынырақ танысуына көмектесуге арналған «Балақайлар мектебі» жобасы елордада бірнеше жылдан бері дәстүрлі негізде жұмыс істейді.

Ал Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияда жоба 3 жыл қатарынан өткізіліп келеді. Бұл туралы мектептің бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мәриям Амангелдіқызы кеңірек тарқатты.

«Биыл «Балақайлар мектебінде» 3 лекті бірдей қамтып отырмыз. Алғашқы лек 3 маусым айында басталып, мұнда 46 бала оқыды. Келесі лек шілде айында өтіп, оған 25 бала қатысты. Шілденің шіліңгір ыстығында көп отбасы демалуға не саяхаттауға кетіп жатады. Сол себепті қатысушы балалар саны да аздау болды. Тамыз айында соңғы лек білім алуда. Бүгінде барлығы 5 топта 85-тен аса бала бар.

Жобаның негізгі мақсаты – тегін негізде баланы 1-сыныпқа бейімдеу. Балалар арасында балабақшаға барғаны да, бармағаны да бар. Кейбірі ерке, енді бірі тұйықтау келеді. Әрбір баланың жеке қырын ескеріп, мұғалім барынша ортаға бейімдеуге тырысады.

1-сынып оқушыларын Оқу-ағарту министрлігі мен Баланы ерте дамыту институтының біріккен бағдарламасы аясында оқытамыз. Олар «Менің отбасым», «Мен және менің достарым» секілді тақырыптарды меңгеріп, айналасындағы оқиғалар, адамдар туралы еркін ойлап, әңгімелесуге дағдыланады. Сондай-ақ фигураларды білу, тура және кері санау, қосу және азайту секілді математика негіздері оқытылып, сабақ ойын түрінде жүреді. Ойынның астарында балалардың достық қарым-қатынасын нығайту, білімге қызығушылығын арттыру идеясы бар. Мектеппен танысу, Абай мұражайын тамашалау, өлеңдер жаттау сияқты танымдық бағыттағы жұмыстар да жүргізіледі. Жақында Абай күні өтіп, мектебіміз әдеби кеш ұйымдастырды. Сол іс-шарада бүлдіршіндеріміз де өз өнерлерін ортаға салды.

Балақайлар мектебінің тағы бір артықшылығы – оқу процесінде ұлттық құндылықты бала бойына сусындатуға мән беріледі. Төрт түлік малды білуі,



Василий КРАСЬ

## «БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ» БЕЙІМДЕЙДІ

Мектеп табалдырығын алғаш аттайтын бүлдіршіндерді сабаққа дайындауда баланың оқу-құралдары ғана емес, сауатының жетік болуы да маңызды. Осы мақсатта 1-сыныпқа қабылданған балаларды оқуға бейімдеуде елордада 49 мектептің жанынан қысқа мерзімді «Балақайлар мектебі» ашылды. Бұл жоба 20 балабақшаларда да іске қосылып, тамыздың соңына дейін жалғасады. Сондай білім беру ұйымдарының бірі, Астанадағы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияда аталмыш жоба қарқынды жүргізіліп келеді.

әдептілікті сақтауы, үлкенді сыйлауы сынды қазақы дәстүр негізіне басымдық беріледі» деп бөлісті спикер.

1-сыныпқа құжат қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Қабылдау ережелері бойынша 1-сыныпқа алдымен мектепке аумақтық қызмет көрсету бойынша өтініш берген үш үміткер қабылданады (тіркелген жері

бойынша), содан кейін басқа аумақтан бір бала қабылданады. Қазіргі таңда аталмыш мектепке 316 бала 1-сыныпқа өту үшін құжаттарын тапсырған.

«Даярлық курсына ата-аналар тарапынан сұраныс көп



түсті. Былтырғымен салыстырсақ, қатысушы балалар саны жағынан өсу бар десек болады. Бүгінде ата-аналардың барлығы дерлік курсқа қатысты жақсы пікірлерін айтып, лебіздерін жеткізіп жатады.

Кейбір ата-аналар балаларын алғаш мектепке жетектеп әкеліп, 100-ге дейін санауды және 42 әріпті білетінін айтып, сол жеткілікті деп ойлайды. Өз басым, баланың жан-жақты дамуы үшін осымен тоқтап қалмаған жөн деп есептеймін. Мұндай дағдыларды білсе де, бала еркін сөйлеп, шығармашылық тұрғыда қалыптаспаған болуы мүмкін. Сондықтан би билеу, ән, өлең айту, музыкалық аспаптарда ойнау секілді қабілеттерінің болуы, оның білім алуға деген құштарлығын айшықтап тұрады. Ой-өрісі дамыған бала жаңа нәрсені үйренуге бейім келеді.

Білім беру жүйесінің сапалы болуында ата-ана – бала – мектеп бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Ата-ананың талаптілегін мұғалім де, мұғалімнің әр ұсынысы, пікірін ата-ана да дұрыс қабылдауы тиіс» деді М.Амангелдіқызы.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Арайлым Түсіпқызы даярлық курсына сұраныс ата-ана қажеттілігінен

жыл сайын артып келетінін айтады.

«Балақайлар мектебіндегі» сабақ таңертеңгі 09.30-да басталып, 12.00-ге дейін созылады. Күніне төрт сабақ өткіземіз. Әр сабақ 20 минуттан болса, 10 минут үзіліске беріледі. Балалар мектеп атмосферасын енді ғана сезініп, үйренісіп жатқандықтан, әрі өздерін жалықтырып жібермес үшін күнделікті шағын бағдарлама дайындалды. Сауат ашу, математика, қоршаған орта, жабыстыру, мүсіндеу секілді сабақтардың қарапайым негіздері балаларға оқытылады. Міңдетті түрде сергіту сәттері өтеді. Бір топта 14-15 баладан аспайды. Қазіргі балалардың көбінде қалам ұстау, сурет салу дағдылары дамыған, деңгейлері жақсы» деді А.Түсіпқызы.

Мектепке, партаға, мұғалімге енді ғана бейімделіп жатқан кішкентайлардың арасында үйренуге ерекше зейін қойғандары да, қобалжып отырғандары да байқалды. Солардың арасында 7 жасар Жүлсім Қабдушев мен 6 жасар Жәудір Оңғарбек бар. Бірі жаңа әріптермен танысып, хакім Абайдың өлеңдерін білетінін айтса, енді бірі сандарды жақсы көретінін жеткізді. Біз де бүлдіршіндердің оқуға қызыға, құштарлықпен кіріскенін көріп, бір сүйсініп қайттық.

Бетті дайындаған Индира БЕРЖАНОВА

## МЕКТЕПТЕР ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН БА?

Бұл туралы Астана қаласының Коммуникациялар қызметінде өткен «Жаңа оқу жылына дайындық барысы» тақырыбындағы брифинг барысында айтылды.

«Оқу жылының басында елордада 282150 оқушы оқитын 187 мектеп болады (110 мемлекеттік (233 006 бала), 70 жекеменшік (42 674 бала) және 7 республикалық мектеп (6 470 бала)). Жаңа 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің бірінші сыныбына 28 мың баланы қабылдау жоспарлануда. Бүгінгі күнде 24 100 бала қабылданды. Оқу жылының соңында қалада 8 үш ауысымдық және бала саны шамадан тыс 16 мектеп болды. Мектептердегі орын тапшылығы 27 800 мың оқушы орын құрады» деді өз сөзінде қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев.

Биыл бір ауысымда 49 790 мың орынға арналған 32 нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның ішінде бір

ауысымда 30 290 мың орынға есептелген 21 мектепті жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Қыркүйек айында бір ауысымда 15 850 мың орынға арналған 12 мектеп пайдалануға беріледі. Желтоқсан айында бір ауысымда 14 440 орындыққа арналған қосымша 9 мектеп пайдалануға беріледі. Осылайша, биыл жыл соңына дейін үш ауысымда оқитын 6 мектептің, бала саны шамадан тыс 9 мектептің мәселелері шешілді.

«2025 жылы 26 441 орындық (бір ауысымда) 23 мектеп салу жоспарланып отыр. Барлығы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 90 мың орындық 24 мектеп салынады, оның 15-і қарқынды дамып келе жатқан Есіл (6 мектеп) және Нұра (9 мектеп) аудандарында орналасады. Жаңа оқу жылында 1,3

млн дана оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алынады. 20 тамызға дейін қаладағы барлық оқушылар оқулықтармен қамтамасыз етіледі.

8 «Жайлы мектепке» мұғалімдерге қажеттілік 792 адамды, техникалық қызметкерлерге 387 адамды құрайды» деді спикер.

Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Кенжегүл Бекимова білім беру ұйымдарында қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуде жүргізілген мониторинг барысын айтып өтті.

«Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлының білім алушылардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуді бақылау мақсатында берілген тапсырмасына сәйкес білім беру

ұйымдарының жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығына мониторинг жүргізілді. Мониторингпен Астана қаласындағы тәуекелді 20 мектеп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан 3 мемлекеттік мектеп қамтылды. Бірінші кезектегі міндет – оқу үдерісіне қатысушылардың барлығының денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмей, оқу жылын бастау.

Жалпы мониторингпен қамтылған мектептердің барлығы лицензияланған күзет қызметімен, дабыл түймелерімен, мектепке кіруді бақылау және басқару жүйелерімен, ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына қосылған бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген.

Биыл 2 мемлекеттік (Астана қаласы әкімдігінің № 95, 96 мектеп-гимназиялары) және 6 жекеменшік («Vista school», «Urban school», «Perspective school», «Saqr Bin Mohammed Al Qasimi», «3D club», «Уорлдвайд эду-

кейшн») мектептер бас лицензия алды.

«Бүгінгі күні жаңа оқу жылында білім беру қызметін лицензиясыз бастау қаупі бар 1 мемлекеттік мектеп бар. Ол – №97 мектеп-гимназиясы. Сонымен қатар Астана қаласы әкімдігінің № 5 мектеп-гимназиясына биыл 9 қаңтарда қосымша құрылыс нысаны қолданысқа берілген. Ғимаратта 600 бастауыш сынып оқушылары білім алады. Алайда бүгінгі күнге дейін ғимаратқа техникалық акт, нормативтік талаптарға сәйкес рұқсаттама қорытындылары алынбаған. Қыркүйек айында лицензиясыз және лицензияға қосымшасыз қызметін бастаған мектептер анықталған жағдайда, әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады. Бұл мәселе бойынша департамент тарапынан білім беру ұйымдарының басшыларына тиісті хабарламалар жолдап, түсіндіру жұмыстары жүргізілді» деді К.Бекимова.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

340 МЫҢ АДАМ  
САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН

Астана қаласында сақтандырылмаған азаматтардың саны шамамен 340 мың адамды құрайды екен. Оның ішінде 13 мыңға жуығы – «Е» санаты бойынша, 44 мыңнан астамы – «D» санаты бойынша. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова мәлімдеді.

«Қазіргі уақытта басқарма осы санаттағы азаматтардың әлеуметтік мәртебесін анықтау бойынша жұмысты жалғастыруда. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында МӘМС жүйесімен қамтылмаған азаматтар арасында жұмыс жүргізілуде. Күн тәртібіндегі тағы бір басты мәселе – коронавирус пандемиясы кезінде пайда болған кредиторлық берешек. Басқарма берешекті төмендету бойынша ғана емес, сондай-ақ оны болдырмау жөнінде де шаралар қабылдауда» дейді басқарма басшысы.

Кредиторлық берешек демекші, бұл қарыз инфрақұрылымды жаңарту, жалақыны, салықтарды уақытылы төлеу, сондай-ақ жеткізушілермен және бірлесіп орындаушылармен есеп айырысу мүмкіндігін шектеп отыр. Жыл ішінде және лоттар арасында бюджет қаражатын қайта бөлудің мүмкіндігі жоқ, бұл қаржыны басқаруды одан әрі қиындатады.

«Ағымдағы жылы кредиторлық қарызды қысқарту мақсатында басқарма медициналық ұйымдардың шығыстарын оңтайландыруды жүргізді. Сондай-ақ мерзімі өткен кредиторлық қарызды өтеу кестесі бекітілді. Кестеге сәйкес, бүгінде жалпы соманың 36 пайызы өтелді. Ағымдағы жылдың соңына дейін берешектің жалпы сомасының тағы 26 пайызын өтеу жоспарлануда. Қалған сома 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына дейін өтеледі» дейді басқарма басшысы Әлия Рүстемова.

Сонымен қатар биыл медициналық ұйымдардың шығындары оңтайландырылған. Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, жыл сайын жергілікті бюджет қаражаты есебінен медициналық ұйымдардың күрделі шығындарын өтейді. Мәселен, 2024 жылы сатып алуға 10,7 млрд теңге бөлінді. Оған 171 медициналық техника, 357 компьютер, 13 дизельді генератор, негізгі құралдар,

## МӘМС: ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫН ҚАЛАЙ РЕТТЕГЕН ЖӨН?



Соңғы кездері МӘМС төңірегінде мәселе көбейіп кетті. Қаржыландыру көлеміне қарамастан, кейбір емдеу мекемелері кредиторлық қарызға батқан. Қорға тұрақты жарна төлесе де, медициналық көмек алуда түрлі проблемаға тап болғандар бар. Сенат, қалалық мәслихат депутаттары мен қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен өткен Қоғамдық кеңестің отырысында халықты МӘМС жүйесімен қамту, медициналық көмек көрсету сапасы және медициналық ұйымдарды қаржыландыру мәселелері қозғалды.

санитарлық автокөлік алынған. Одан бөлек, 4 нысанды күрделі жөндеу және №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасын қайта жаңарту жоспарлануда.

### ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІ КӨП

Қазіргі уақытта қала емханалары екі есе жүктемемен жұмыс істейді. Барлық емхана 10 мың келушіні емдеуге қауқарлы болса да, 30 мың адамға қызмет көрсетуде. Салдарынан аудан тұрғындарының қажеттіліктері ескеріле бермейді.

Медициналық мекемелерге түскен жүктеме қосымша күрделі шығындарды да талап етеді. Күрделі шығындар мен медициналық техниканы сатып алуға қаржының жетіспеуі жабдықтар мен көлік құралдарының тозуына әкелген. Бұл мәселені

шешу үшін алдағы 3 жылда 13 денсаулық сақтау нысанын, оның ішінде 2 перинаталдық орталықты, 4 жаңа заманауи көпсалалы аурухананы, оның ішінде балалар ауруханасын, 2 мемлекеттік және 5 жеке емхананы салу жоспарлануда.

Басқарма басшысы Әлия Рүстемова сөз соңында дереу шешуді қажет ететін міндеттер бар екенін атап өтті.

«Біз МӘМС шеңберіндегі әрбір азамат сапалы медициналық көмек ала алатындай кәсіби және азаматтық қоғамдастықтың барлық күш-жігерін біріктіріміз керек» деп қорытындылады.

### ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 2,5 ЕСЕГЕ ӨСТІ

Қоғамдық кеңесте сөз алған МӘМС басқарма төрағасының

орынбасары Гүлжан Шайхыбекова Астана қаласында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске асырылуы барысы туралы хабардар етті. Оның айтуынша, 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Астана қаласында 1130983 адам сақтандырылған.

«Біз сақтандырылмаған азаматтардың саны А, В, С, D, E санаттары бойынша бөлінеді. «E» санатына жататын 12900 адам анықталды, оның ішінде Астанада 9320 адам тұрады, 29 шілдедегі жағдай бойынша 945 адам жұмысқа орналасты және сақтандырылды, бұл тек 10,1 пайызды құрайды. Сондай-ақ «D» санатына 45400 адам анықталды, оның ішінде Астанада 44571 адам тұрады, 29 шілдедегі жағдай бойынша 2629 адам жұмысқа орналасты

және сақтандырылды, бұл тек 5,9 пайызды құрайды» дейді ол.

Айта кету керек, елордада «A» және «B» санатындағы адамдардың үлес салмағы жоғары, бұл – өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық арасында халықты қамту деңгейінің өсуі үшін әлеует. Сонымен қатар 2019-2024 жылдардағы қаржыландыру көлеміне тоқталған ол 2019 жылмен салыстырғанда Астана қаласы бойынша денсаулық сақтауды қаржыландыру 2024 жылға қарай 2,5 есеге өскенін алға тартты.

### 111 МЫҢ АДАМ ДӘРІМЕН ҚАМТЫЛДЫ

Жиында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы да сөз болды. Амбулатория-емхана деңгейінде дәрі-дәрмекпен 111 мың науқас қамтамасыз етілген. Рецепттердің құны 12,2 млрд теңгені құрайды. Сонымен қатар шарттық міндеттемелердің мониторингі ел назарына ұсынылды.

«2024 жылдың 6 айында медициналық көмек көрсету сапасының мониторингі қорытындысы бойынша 1,3 млрд теңге сомасына 204,6 мың ақау анықталған.

Жүйелік сипаттағы ақаулардың негізгі түрлеріне қызметтер көлемін негізсіз арттыру, медициналық көмекті негізсіз көрсету,

медициналық құжаттаманы ресімдеу кезіндегі қателіктер, негізсіз қайта емдеуге жатқызу кездеседі.

### 2000-НАН АСТАМ АДАМ ШАҒЫМДАНҒАН

Жыл басынан бері қорға халықтан 3435 өтініш тіркелген. Оның ішінде шағымдар саны – 2403. Шағымның негізгі себебі – ұзақмерзімді медициналық көмек. Олардың көбі жекеменшік нысанындағы медициналық ұйымдарға тиесілі. Атап айтқанда, медициналық көмектің сапасыз көрсетілуі, диагностика мен емдеудің стандарттары мен хаттамаларын сақтамау, пациентке медициналық көмек қажет болған жағдайда дәрігерлердің әрекетсіздігі, аяқталмаған емдеу, қызметтердің сапасыз көрсетілуі, медицина қызметкерлерінің немқұрайдығы.

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, отырысқа қатысушылардың ұсыныстарын тыңдай келе, Астана қаласының әкімдігіне, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына ұсыныстар әзірледі. Мәселен, қала әкімінің басқаруымен бірыңғай қор құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды. Бұл қор елордадағы медициналық мекемелерді қаржыландыруда орталықтандырылған басқаруға арналады, бұл көрсетілетін медициналық қызметтердің ресурстарын неғұрлым тиімді бөлуді және сапасын бақылауды қамтамасыз етеді. Ал Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына көші-қон процестерін және бекітілген халықтың ерекшеліктерін ескере отырып, агломерациядағы медициналық көмекті жоспарлау модельдерін әзірлеу және енгізу ұсынылды. Бұл өз кезегінде медициналық ресурстарды бөлуді оңтайландыруға және қызметтердің қолжетімділігін арттыруға көмектеседі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына кредиторлық қарыздың жинақталуын болдырмау және денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін медициналық ұйымдарды уақытылы қаржыландыруға бақылауды күшейтуге назар аудартты. Осы ұсынымдардың орындалуын бақылау Астана қаласы бойынша әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында азаматтық қоғам мүдделерін білдіру жөніндегі Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің комиссиясына жүктелді.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПРЕПАРАТ ҚАТЕРЛІ ІСІКТІ ЕМДЕЙДІ

Астанада қатерлі ісікке қарсы қазақстандық препарат клиникалық сынақтың бірінші кезеңінен сәтті өтті. Осыған орай елордадағы Назарбаев университетінде БАҚ өкілдерімен арнайы брифинг өткізілді, журналистер зертханаға барып, қатерлі ісікке қарсы жаңа дәрінің сақталатын орнын көрді.

Қазақстандық-америкалық биолог және NU профессоры Дос Сарбасов бастаған ғалымдар тобы NU зертханаларында

жасаған ісікке қарсы препараттың клиникалық зерттеулері жалғасып жатыр. Қазақ онкология және радиология

ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп ғалымдар оның тиімділігін арттыру үшін препараттың қандай дозасын егу керектігін анықтау жолында жұмыс істеп жатыр. Клиникалық зерттеулердің бірінші кезеңінде препарат 15 пациентке аз мөлшерде енгізілді. 1 шілдеде тестілеудің екінші кезеңі басталды, оған клиникаға дейінгі сынақтар да кіреді.

Препараттың әсер етуі таргетті химиялық терапияға негізделген. Препарат төмен концентрацияда С витаминінің D түрі (D-VC) мен мышьяқтың (arsenic trioxide, ATO) көп дозасын біріктіру арқылы мутацияланған қатерлі ісік жасуша-

ларын (KRAS мутацияланған жасушалар) өздігінен жоюға итермелейді.

KRAS гені – жасушаның белсенді түрде бөлінуі үшін өсу факторларының сигналдарын жіберетін шағын реттеуші ақуыз. Өсу факторлары ұрықтың денесінде көп мөлшерде болады және белсенді өсуді ынталандырады. Даму кезінде өсу факторларының концентрациясы төмендейді, ересек организмде олар тоқтатады және тек жасуша регенерациясын сақтай алады.

– KRAS мутацияға ұшыраған кезде әрқашан белсенді болады, бөліну процесінің тоқтамауына, яғни ісіктің өсуіне әкеледі. Бүгінде мутацияның бұл түрі емделмейді, ұйқы безінің қатерлі ісігі бар науқастар бір жарым-екі жылдан артық өмір сүрмейді. Қатерлі ісіктің бұл түрі – қазіргі онкологиядағы ең күрделі мәселе, –дейді доктор Дос Сарбасов.



Профессор Д.Сарбасов бастаған ғалымдар тобы KRAS мутацияланған жасушалары глюкозаның аштығына өте сезімтал екенін анықтады. Оның қатерлі ісік жасушалары радикалдар жасап, жойыла бастайды. Адам ағзасын глюкозадан айыру мүмкін болмағандықтан, ғалымдар жасушалар шығаратын радикалдарды алып, оларды D-VC-С витаминінің стереоизомерлерімен біріктірді. KRAS-мутацияланған жасушалар оны глюкоза ретінде қабылдап, сіңіреді, бұл жасушалардың «стресске» ұшырауына және кейіннен өзін-өзі жоюына әкеледі.

Соңғы 3 жыл ішінде топ зерттеу жұмысының сенімділігін дәлелдеп, 2022 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінен клиникалық сынақтар үшін мақсатты қаржыландыру алды. Алғаш рет Алматы фармакологиялық зауытында С витаминінің D-формуласының шектеулі партиясы шығарылды. Ал екінші препарат – сынауға қажетті мышьяқ оксиді Үндістаннан сатып алынды. Препарат патенттелген. NU D-VC препаратының эксклюзивті лицензиясына ие.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

№97 (4685) 15/08/2024 Бейсенбі

– Сәке, келісерсіз деймін, бұл бүкіл қазақта болмағанымен, жекелеген адамның басында бар кесел емес пе? – Сөзің орынды. Оған мен де келісемін. Бұл жерде жалпы мен жалқыны бөліп алу керек. Жалпы ұлтқа қаратып бұлай сөз айту әбестік болады.

Қазақ қазақ болғалы тәубесі мен шүкіршілігінен жаңылған жоқ. Барға қанағат, жоққа сабыр етіп келеді. Бұл, бәлкім, жақсы қасиет болар. Бірақ қазіргі заман тәубешілікті көтермейді. Талпынып іс қылып, табанды еңбек ету арқылы ғана жұрт қатарлы өмір сүруге болады. Герольд Бельгер, атақты Гераған «Қазақтың түбіне шүкір мен тәубе жетеді» деген. Сондықтан дәл қазіргі тұста шаруаға, еңбекке келгенде қазақ тәубесі мен шүкірін шектеуі тиіс.

Осы орайда өз тіршілігімізге көз жүгіртсек, қазақтың кедей болатын жөні бар ма деп қаласын. Тойымыз көп. Оңды-солды, ретті-ретсіз шашыламыз.

#### ТОЙЫ КӨП ХАЛЫҚПЫЗ

Мойындауымыз керек, қазақтың үйлену тойы, құдалығы, тұсаукесері, шілдеханасы, туған күні бар, әйтеуір тойы бітпейді. Мұны шектен тыс сан қылып, бірінен-бірі асырып, бәсекеге айналдырушылар да жоқ емес. Бірақ той күнделікті шаруаға, сол шаруанды реттеп отырған тәртіпке зиянын тигізбеуге тиіс. Яғни той өткізетін материалдық мүмкіндік, асыра сілтемейтін сыйлайық болуы керек. Сондықтан той дегенде әркімнің көрпесіне қарай көсілгені жөн. «Бар екенмін» деп шамадан тыс асыру, ебедейсіз ерілікке бару – ұят нәрсе. Екіншіден, той дегенде жаппай тұра шабу, жұмысқа келергі келтіру де дұрыс емес. Өзім шаруашылық басқарып жүргенде талай бастан өтті. Науқанның қызып тұрған шағында: «Бір-екі күнге қалаға барып келу керек еді. Қайным 40-қа толып жатыр» деп қияла сұранады. «Айналайын-ау, көзің көріп тұр ғой, орылмай жатқан егін анау, ауа райының түрі мынау. Бір-екі күнің не? Бізге әр сағат қымбат қой. Соған бармай-ақ, былай телефонмен құттықтап, жағдайыңды түсіндіруге болмай ма?» десем, «Ұят қой, аға» дейді. Біздегі шаруаға деген көзқарастың түрі – осы.

Бірде ауылда бір кісі қарыз сұрап келді. «Балам әскерге кететін еді, алыс-жақын ағайын, өзімнің, ұлымның достары бар, барлығының басын қосып той жасағым келеді. Несие алайын десем, өзімде де, әйелімде де несие бар» дейді. «Енді жағдайың осылай екен, несіне шабынасын, үлкен той жасамай-ақ, бір табақ ет асып, үлкендерді шақырып, батасын алсан болмас па?» десем, тағы да «Ұят қой» дейді.

Етегімізден тартып, ілгері бастырмай тұрған бір кесел осы – ұят. Ұяттың да ұяты бар. «Қазақ өлімнен ұят күшті» деген. Ол ұят пен мынау ұяттың айырмасы бөлек. Соны ажырата білуіміз керек.

Бүгінде ел арасында «Бар жиған-тергеннің тойға шашылысын» деген мақалсымақ пайда болыпты. Тірнектер жиған дүниені неге тойға ғана шашу керек? Оны жұмсайтын басқа игілік көздері бар емес пе? Мұның астарында не жатыр? Тағы сол мақтансүйгіштік, «атымды шығарамын» деушілік. «Біз анандан кембіз бе?» деген жалған намыс, бәсеке тұр. Осылайша, өзге емес, өзімізбен-өзіміз тартысып, бақталасып, күндесіп күн кешу бар.

Қазір бізге жат жанынан түңілетіндей шынайы ұлттық намыс керек. Өкінішке қарай, сол намысымыз ұсқатталып, отбасылық, рулық намысқа айналып барады. Өйткені «Ана рудың бір атасы кезінде жауға жалғыз шапқан керемет батыр болыпты» деп, осыған тайлы-тұяғымыз қалмай қаржы жинап, ат шаптырып, той жасау үрдісі болып алды. Біз неге бұлай болып алдық? Өйткені біз жалған мақтанштың буына піскенді ұнатамыз. Елікші, еліктегішші. Бұл ұлтты алға бастыратын, ұрпаққа дұрыс өнеге беретін дүние емес. Артта қаулап өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа жақсы әсер қалдырамын десем, тойға шашылған қаржыны баланың дұрыс білім алуына жұмса, оны заманға қауқар көрсете алатындай сапалы біліммен қаруландырып, еңбекқор етіп тәрбиеле.

#### АЩЫ ТЕРДІҢ ДӘМІН БІЛЕМІН

– Сайран Бәлкенұлы, жалқаулық, еріншектік адам бойындағы бір кеселді көрініс екені ежелден айтылып жүр ғой. Бүгінгі әңгімемізді де осы

# ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТӘУБЕШІЛІКТІ КӨТЕРМЕЙДІ

## ҚАЗАҚТЫҢ КЕДЕЙ БОЛАТЫН ЖӨНІ БАР МА?

Әр халықтың табиғатына немесе тұрмыс-салтына сәйкес айтылатын меңзеу сөздер болады. Мәселен, неміс ұлтының дәлдігі, ұқыптылығы, жапондардың ісмерлігі дегендей. Ал біздің қазақ жөнінде не айтады? Қолындағы барын ұқсатуға сүлесөк қарайтың «жалқау» дейді. Бұл, бір жағынан, шымбайға бататын, намысқа тиетін ете шетін тақырып. Бірақ өмір шындығын қалай аттап кетесің, «қазақ жалқау» деген сөзді ара-тұра болса да естіп қалатынымыз өтірік емес. Ал өмірдің талай асуынан өткен, ел басқарған Қазақстанның Еңбек Ері Сайран БҰҚАНОВ «Жоқ, қазақ жалқау емес» дейді. Содан осы тақырыпты одан әрі тереңдетіп, ой толғау үшін Сайран Бәлкенұлын ашық әңгімеге шақырдық.



#### жалқаулықтан бастадық қой. Соған қайтып оралайықшы.

– Мен өмір бойы халықпен жұмыс істеп келемін. Отыз бес жыл бойы шаруашылық басқардым. Кеңестік дәуірде «Ақсуат» мал бордақылау кеңшары мен «Харьков» кеңшарына директор, тәуелсіздік жылдарынан бері жеке серіктестікке жетекші болып келемін. Осы уақыт аралығында қарапайым халықпен біргемін. Өзім де қаршайымнан қара табан болып еңбекке ерте араластым. Мандайдан ағатын ащы тердің дәмін білемін. Менің қарамағымда механизатор да, малшы да, мұғалім де болды. Олардың жұмысқа деген жауапкершілігі жоғары екеніне, білек сыбанып еңбек ете білетініне әбден көзім жетті. Олар қаншалықты қарапайым болса да, қоғамға, адамға, өмірге деген ой-пікірлері, көзқарастары таза, өте парасатты адамдар болды.

Негізі, адам баласы дүниеге келгенде ілуде біреу болмаса, көпшілігі ақыл-есі мен қабілеті жағынан бірдей болып туады. Туабітті дарынды адамдар бар, олар тағдыр сыйы – данышпандар. Адамды адам ететін – орта, тәрбие, алдымен ата-анасының үлгі-өнегесі. Біздің ата-бабаларымыз бұған зор мән берген. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» немесе «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деулері сондықтан.

Қазір біздегі бала тәрбиесі ұмыт қалды. Әр ата-ана балаға күнделікті үлгі көрсету керек. Өзің дұрыс жүріп, ізденіп, адал еңбек етсең, шағын ғана отбасының шаруасына мығым болсаң, қасындағы балаң соны істейді. Сондықтан табыс табудың жалғыз жолы бар екенін, ол зерделі білім мен табанды еңбек екенін, осы екеуін ұштастыра білген адам игі мақсатқа жететінін бала біліп өсуі керек.

Білімнің бәрі кітапта ғой. Адам баласы ойлап тапқан небір данышпандық ойдың бәрі қағазға жазылып, хатталды. Жастар соны кітаптан оқып, бойына сіңіру керек. Марк Твеннің «Жақсы кітап оқымайтын адамның кітап оқи алмайтын адамнан еш артықшылығы жоқ» деген сөзі бар. Өте дұрыс айтқан. Ал өзіміздің Ахаң, Ахмет Байтұрсынұев «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген жоқ па?!

Қазіргі қауіпті нәрсе – интернет, ұялы телефон. Бала көзін ашар-ашпастан осы нәрсеге әуестенеді. Ата-ана оның зиянды екенін біле тұра баланы қадағалап, оны қараудың белгілі бір уақытын сақтамайды. Бұл – жауапсыздық, өз баланың болашағына балта шабу. Баяғыда кеңшар басқарып тұрғанымда бір малшы соғымға шақырды. Бұл өзі ауылдағы дағдылы шаруа ғой. Қуырдаққа шақыру, шеке беру дәстүрі әлі үзілген жоқ. Жаңағы малшының үйінде отырғанда мектепте оқытын кішкентай баласы келіп сәлем берді.

– Үлкейгенде мен сияқты директор бол, – деп бата бердім.

– Жоқ, мен директор болмаймын, – дейді әлгі бала.

– Неге болмайсың? Директорлық жаман ба? – деймін ғой баяғы.

– Жаман емес, бірақ шешем «Бастықтың баласы бастық болады, малшының баласы малшы болады» деген, – деп қарап тұр.

Жүрегім су ете қалды. Міне, тәрбиенің түрі. Анау ошақтың басында жүрген шешесі баланың санасын буып, тұмшалап тастаған. Сондықтан баланың қарнының тоқтығымен қатар рухының мықты болуы өте маңызды. Алаштың арысы Әлихан Бөкейханов «Ұлтты сүю, ұлт мүддесін қорғау білімнен емес, мінезден» деген. Бала кішкентайынан үлкен іске ұмтылып, талапты болып



Біздің қазақ жалқау халық болса, «Түстік өмірің болса, күндік мал жина» немесе «Үш жылғысын ойламаған еркектен без, үш күндігін ойламаған әйелден без» дегенді айта ма?!

өссе, рухы мықты болса, келешегі де жарқын болады.

Жалқаулық деген жер басып жүрген екі аяқты пенденің қай-қайсысында да бар. Салыстырмалы түрде алғанда бірінде аз, бірінде көптеу болуы мүмкін. Мен елмен араласып жүргенде жалқау қазақты да, жалқау орысты да, жалқау немісті де көрдім. Сол сияқты іскер қазақ, іскер орыс, іскер немісті де білемін. Біздің қазақ жалқау халық болса, «Түстік өмірің болса, күндік мал жина» немесе «Үш жылғысын ойламаған еркектен без, үш күндігін ойламаған әйелден без» дегенді айта ма?!

– Сәке, қазақтың жалқау еместігі туралы нақты бүгінгі өмірден келтіретін мысалыңыз бар ма?

– Бар болғанда қандай! Бірінші мысал өзім. Жастай жетім өсіп, бар игілікке өз еңбегіммен жеттім. Осы Қостанай төңірегіндегі өз шаруасын дөңгелетіп отырған Алматы Тұрсынов, Рита Ахметова, Жанкелді ауданындағы Кәкімжан Карбозов, Арқалықтағы Ғабдолла Бердібеков, Шолақсайдағы Өмірзақ Ихтиялов, тағы басқа аты аталмаған азаматтар – соның дәлелі.

Таяуда бір отырыста мынау Қостанайдың іргесіндегі Карл Маркс атындағы серіктестіктің басшысы Иван Вечтейнмен әңгімелестім. Бұрын бұл жер жүз пайыз немістер тұрған ауыл ғой. Олар атажұртына көшіп кетіп, орнын Торғайдан келген қазақтар басып қалды.

– Менің қандастарым қалай жұмыс істеп жатыр? – деп сұрадым.

– Бұрын неміс сауыншыларым бір сиырдан жылына 3 мың литр сүт сауатын. Қазақ сауыншылары бір сиырдан жылына 6 мың литр сүт сауып жүр, – деп күлді.

– Әзілің бе? – десем.

– Жоқ, шындығы сол, – дейді.

– Қазір енді «ақылды» технология бар, мал азығының құнарын арттырудың түрлі жолы бар, сондықтан болар, – деймін.

– Ол да бар, әрине! Бірақ бәрібір қазақтар жұмысты немістерден жақсы істейді, қайткенмен олар сонау ту заманнан мал баққан адамдардың ұрпағы ғой, – дейді.

Бұдан кейін өзімізді жалқау деуге қалай аузымыз барады? Мынау ұшы-қиыры жоқ кең далада мал бағу, қыстың қақаған суығы мен жаздың аптап ыстығында сол малдың бабын табу оңай болып па? Қарлы борандарда малмен бірге ығып кеткен қазақтарды еске аламыз. Жалқау адам сондай қадамға бара ма?

#### НАМЫС – ЕҢБЕКKE, ЕҢБЕК ТАБЫСҚА СЕБЕПШІ БОЛАДЫ

– Сәке, бұл жерде сіз қазақтың жалқау еместігін біршама дәлелдендіңіз. Енді оның іскерлігі мен ісмерлігі, қолының әр нәрсеге ептілігі жайлы не айтасыз?

– Әртүрлі ортада болып жүрміз ғой. Сонда еститінім «Мықты сварщик, токарь, моторист, фрезеровщик, слесарь, электриктің бәрі неміс пен орыста. Біздің қазақтың қолынан ол келмейді» деген бос әңгіме. Талас жоқ, техникаға қатысты мамандыққа бейімделгендердің дені өзге ұлт өкілдері. Өйткені олардың аталары, әкелері осы салада жұмыс істеген. Бұл да үйдегі тәлім-тәрбиеге келіп тіреледі. Баланың не іске, қандай кәсіпке бейім екенін, қазіргі нарықта қай кәсіп сұранысқа ие екенін саралай білмейміз. Көпшілік ата-ана балаларының зангер, дәрігер, банкир болғанын қалайды. Техникалық мамандықты ұната бермейді. Бірақ бұл «біздің қазақ жастары ол салаға бармайды» деген сөз емес.

Құдайға шүкір, соңғы жылдары біздің жастардың арасында да мықты слесарь, токарь, сварщиктер жетіп артылады. Ою-өрнек, ер-тұрман жасайтын, текемет басатын, сақина-білезік соғатын жастарымыз қаншама. Мәселе оларды осы салаға бейімдеп, кеудесінде намыс отынып шоғын тұтата білуде. Біздің қазаққа «Қоянды қамыс, ер жігітті намыс өлтіреді» деген аталы сөз бар. Қазақтың басында Алладан кейінгі биік тұрған бір-ақ нәрсе бар. Ол – намыс. Біз қашанда намысты биік қойған ұлтпыз. Өкінішке қарай, кешегі кеңестік дәуірде осы ұлттық кодымыз босаңсып кетті. Содан барып намыссыздық пайда болды.

Бір мысал айтайын. Директор кезім. Егін орып жатырмыз. Бір комбайн тоқтап қалды. Барсам бір орыс, бір қазақ – екі агроном жүр. Қазақ тұр, орыс комбайнның ішіне кіріп, бірденің шұқылап жүр. Қазақ та, орыс та жас жігіттер. Екеуі екі бөлімшеде агроном. Сосын «Әне, қарашы. Максим комбайнды да біледі, жөндеп жатыр. Күні кеше ғана институтты бітіріп келді. Ал сен болсаң үш жыл жұмыс істейсің. Анау билгенді сен неге білмейсің?» дедім өзіміздің қазаққа.

– Ой, аға, ол орыс қой! – дейді.

Қаным басыма шапты.

– Сен осы намыс дегенді білесің бе? Онда бар екі қол, екі аяқ, бас сенде де бар. Ол да жоғары білімді, сен де жоғары білімдісің әрі бірер жыл жұмыс тәжірибең бар. Сенде намыс жоқ екен, – дедім.

Мақтанғаным емес, өзім өзге ұлты көп ортада өстім. Қай істе де олардан қалып қоймауға тырыстым. Өйткені мені бір ұлы күш үнемі алға жетелеп отыратын. Ол намыс еді. Намыс – еңбекке, еңбек табысқа себепші болады. Әр қазақ баласы жадына осыны мықтап түйіп алғаны жөн. Қазір техника мен технология заманы. Қазақ баласы өзгелермен терезесі тең болу үшін осы бағытты жаппай меңгеруі керек.

– Жасыратыны жоқ, кешегі кеңестік кезде қазақ кадрларын екінші планға қойып, кеудеден итеріп, намысын басты. Сіз оның талайна куә болған шығарсыз?

– Болғанда қандай! 1984 жылы мен «Харьков» кеңшарына директор болып тағайындалдым. Жан-жағыма қарасам мамандардың бәрі өзге ұлт өкілдері. Бірде-бір қазақ жоқ. Бөлімшеге барып едім, басқарушы да орыс жігіті. Білімі – орта дәрежелі. Ал есепшісі – қазақ, білімі – жоғары. Ол кездегі саясаттың сиқы – осы. Тіпті техниканың да ескісі қазаққа беріледі екен. Содан кеңшардағы шаруаға мығым, өз ісіне жұдһатты қарайтын жігіттерге жаңа техника бердім. Бөлімше басшыларының үшеуіне сенімді ақтады-ау деген қазақ азаматтарын отырғыздым. Бас зоотехник, бас мал дәрігері, бас прораб, бас инженерлерді қазақ қылдым. Олардың бәрі жоғары білімді іскер азаматтар еді. Саясаттың құрбаны болып, төменгі жұмыста жүрген ғой. Обалы не керек, бәрі де сенімді ақтады, ұятқа қалдырған жоқ.

Бүгінгі таңда да елде осындай азаматтар аз емес. Бір «әттеген-айы» сол, меншігіңде жері, техникасы бар немесе құрылыспен айналысатын, тағы басқа саладағы кейбір меншік иелері адам еңбегін аяқ асты етеді. Еңбек ақысын уақытылы төлемейді, төлесе де мардымсыз қылып береді. Кейбіреулері жұмысты істеп алып, түк бермей, жұмысшыны қуып жібереді. Бұл – барып тұрған құнсыздық, ұяттан безгендік. Ондай байшыкештерді заңмен жазалау керек. Осындайлар барып жастар ауылға тұрақтамайды. Ауыл – қазақтың тал бесігі, ал оны жұтандатуға мүлдем болмайды.

Мемлекет қазір адамды еңбекке тартудың барлық мүмкіндігін қарастыруда. Осыған орай «Еңбек» бағдарламасы қолға алынып, біраз қаржы жұмсалып, шағын несиелер беріліп жатыр. Соны тиімді пайдалана білу, оның маңызын халыққа түсіндіріп жеткізу – жергілікті билік өкілдерінің парызы. Ауылдың инфрақұрылымы жақсару керек. Билік пен бұқара халықтың көздегені бір жерден шыққан кезде ғана ауылдың берекесі кіреді, ел көркейеді. Ауылда жастарды ұстап қалу үшін баспана, мектеп, жол мәселесін жедел шешу – кезек күттірмейтін міндет.

Сұхбаттасқан Серік ШАЙМАН, Қазақстанның құрметті журналисі



XX ғасырдағы ғылыми үдеріс пен XXI ғасырдағы ғылыми үдеріс арасында жер мен көктей айырма бар. XX ғасыр қазақ ғылымында азаттықты аңсаумен басталып, үреймен жалғасып, тәуелсіздік таңының атуымен аяқталды. Демек осы бір ғасырда қазақ халқы да, оның мәдениеті мен ғылымы да сан ғасырлық жағдаят пен әрекетті басынан өткізіп үлгеріпті. Бұл ғасырда адамды адам деп бағалаудан, қадірлеуден гөрі, оның көзқарасы мен қызметін қадірлеу жоғарырақ болды. XX ғасыр қазақ қоғамында, әсіресе, қазақ ғылымында көзқарасы үшін жазалаудан, ату мен асудан басталып, үрей билеген ғасыр болды десек қателеспейміз. Бұл үрей кеңес идеологиясынан шығып кетпей, соның илеуіне көну, төзу, өз «мендік ойын» айтудан имену, тайсақтауды туғызған-ды.

XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында алашшыл әкенің отбасында дүние есігін ашып, елуінші жылдары ғылымға келген жас Рәбиға осындай кезеңге душар болыпты. Кеңес өкіметі сепкен ұлтты үрей басылмаған, сөз аңду мен жазу аңду басым уақытта қазақ аруы өзгелерден ерек тұлға ретінде бірден-ақ көзге түскен-ді. 1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын, 1951 жылы осы институт аспирантурасын тәмамдаған Рәбиға Сыздықтың бастап жазған ғылыми тақырыбы – Абай. XX ғасырда қазақтың ірі тұлғаларына деген көзқарастың кеңестік идеологияның «центризмін» жасаған жасанды ғылыми қағидаларына сәйкес келуі маңызды саналған кезең еді бұл. Абай сынды кемеңгердің сөзін зерделеу, оны кеңес саясатының ыңғайымен бағалау да оңай болмағаны анық. Осындай саяси сұраныс пен ғылыми қажеттіліктің үдесінен қатар шығу әдебиет ғылымына да, сөз өнеріне де, тіл ғылымына да терең ойлануып, мүддеге қызмет етуді талап еткен-ді.

XX ғасырдың елуінші жылдарында қалыптасқан тіл білімінің құрылымдық саласының формальдық бағытына сәйкестендіру үшін Р.Сыздық «Абай «Қара сөздерінің» негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. «Тұтастық» сіңген Абай ілімінің басты тұжырымдары тиянақталған «Қара сөздеріндегі» «тіл өрнегін әңгімелеуімізге ұлы Мұхтар Әуезовтің сөзі «қамшы болды» деп жазады Р.Сыздық. М.Әуезовтің Абай «Қара сөздерінің» тіліне қатысты жазған пікіріне сілтеме жасай отырып, былайша ой түйіпті: «Әр сөзіне мән беріп жазатын Мұханның бұл жерде «Қара сөздердің» өзі демеі, «тілі» деуінде, біздің байқауымызша, айрықша астар бар: мұндағы «тіл» деп отырғанының өзі көрсеткеннен басқа және бір сыры қазаққа әдебиеттің бұрын жоқ жанрының сөйлеу мәнері (стиль) де-

геннің пайда болып, оны ұлы сөз зергерінің қалай алып кеткенін меңзегенінде болар дейміз». Абайтанушы ғалым осы тұста қазақтың ұлттық әдеби тілінің тағы бір функционалдық стилі пайда болды, оған Абай қаламының ұшы тиді деп отыр дей келіп, Абайдың прозалық туындысы арқылы қазақ әдеби тілінде соны әдеби үлгінің пайда болғанын тереңнен тартып, нақты тұжырым жасайды. М.Әуезовтің Абайдың «Қара сөзінің» жанры туралы ғылыми пікіріне сүйене отырып, оған өзіндік баға береді: «Қара сөздерді көлемі жағынан шағын-шағын 46 бөлек шығарма құрайды. Олардың жанрлық сипаты да әртүрлі: көбі – публицистикалық туындылар, 46-сөз деп берілгені – білім-таным үлгісіндегі тарихи очерк, 25-сөз – Сократ пен Аристотелдің әңгімесі деп берілген үлгі-өсиет, 5-сөз – мақал-мәтелдерді талдаған филологиялық этюд, 37-сөз – афоризмдер жиынтығы, 7-сөз – психологиялық тақырыпты қозғаған этюд іспетті, 43-сөз – философиялық толғаныс, 38-сөз – дін, мораль мәселелері жайындағы ой-пікірлері болып келетін ғылыми-публицистикалық еңбек деп ажыратып жүрміз» деп нақты ғылыми пікір білдіреді. Абайдың «Қара сөзінің» жазылу ерекшелігі мен оның кімге арналып жазылғаны туралы айтылған Р.Сыздықтың ғылыми пайымдаулары теориялық жағынан салмақты, байламы берік, ойы тиянақты, пікірі дәйекті еді. Әр сөздің белгілі бір әлеуметтік топтарға арналып жазылғаны туралы байламдары да ойланарлық еді. «Абай «Қара сөздерінің» «қойын дәптер» ретінде тек өзі үшін жазбай, басқалардың оқуы үшін де жазғанын, оның өзінде де жалпы оқырман көпшілікпен қатар, олардың белгілі бір тобына арнап жазғанын да көреміз» деп тиянақты тұжырым жасайды ғалым. Өз заманының сұранысы мен қажеттілігіне орай, Р.Сыздық «Қара сөздер» – Абайдың қай тақырыпты



## АБАЙТАНУҒА АЙТУЛЫ ҮЛЕС ҚОСҚАН

қозғаса да, түгелімен ағартушылық идеясын ұсынған, мораль мен тәлім-тәрбие жайындағы ой-толғауларын баяндайтын публицистикалық шығармалары» деген ой айтады. Мәтін баяндауында кездесетін модальдық реңктерді, яғни өкіну, сүйсінуді, ызалануды, т. б. ауызша сөйлеу үстінде дауыс ырғағы жеткізетін Абайдың жақсы пайдаланғанын терең талдайды ғалым.

Ғалым Абай поэзиясын теориялық тұрғыдан терең зерделеді: лексикасы мен грамматикалық құрылымын, морфологиялық сипатын, сөйлем құрылысының ерекшелігін, стильдік маңызын талда-

ды. Сонымен бірге Абайдың алдында да қазақ әдеби тіл дәстүрі болғанын зерделеуі ғылыми тұрғыдан аса маңызды деп есептейміз. Бұл дәстүр, негізінен, көркем әдебиет саласында, соның ішінде поэзия жанрында болғанын да, қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу нормасының дамыған қалыпта болғанын атап көрсетуі өз кезеңі үшін ғылыми маңызды теория болды деп бағалаймыз. Өйткені жалпыхалықтық сөйлеу нормасының, әдеби тіл нормасының болуы – қазақ халқының этникалық тұтастығының басты көрсеткіші. Осы реттен де Р.Сыздық жасаған қағида аса маңызды.

Академик Рәбиға Сыздық

Абай тақырыбына XXI ғасыр басында, яғни тәуелсіздік таңы атқан тұста қайта оралып, «Абайдың сөз өрнегі» атты жинағын шығарды. Жинаққа енген ғылыми зерттеулер жаңа бағытта зерделеніп, жаңаша ой-толғамдармен толықтырылған. Ғалым зерттеулерін Ақымет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қисындармен қиыстыра дамытып, ой өрнегін, образдың эстетикалық өрісін жаңаша пайымдауға күш салады. Ақын өлең жолдарындағы етіп мағыналарын талдап, көріктеу құралдарын пайдаланудағы Абай үлгісін зерделейді. Мәселен, Абайдың «Мәз болады болысың, Арқаға



Академик Рәбиға Сыздық Абай тақырыбына XXI ғасыр басында, яғни тәуелсіздік таңы атқан тұста қайта оралып, «Абайдың сөз өрнегі» атты жинағын шығарды. Жинаққа енген ғылыми зерттеулер жаңа бағытта зерделеніп, жаңаша ой-толғамдармен толықтырылған. Ғалым зерттеулерін Ақымет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қисындармен қиыстыра дамытып, ой өрнегін, образдың эстетикалық өрісін жаңаша пайымдауға күш салады

ұлық қаққанға, Шелтгейітіп орысын, Шенді шекпен жапқанға» деген өлең жолдарындағы «шекпен», «шенді» сөздерінің поэтикалық қолданысына мән береді. Академик ғалым Абай шығармашылығындағы поэтикалық образ жасайтын тірек сөз ретінде «жүрек», «сөз», «тіл», «ой», «көңіл», «дүние», «өмір» ұғымдарын атап көрсетіп, бұл ұғымдардың адамның ішкі дүниесі мен өмірдің толғақты мәселелерін тереңнен толғауда ойшыл ақынның маңызды нысандары болғанын көрсетеді.

«Қара сөздердің тілі қалай өрілген» деген тарауда Абайдың сөйлем құраудағы ерекшеліктері, сөйлемдегі норма мәселесі кеңінен қозғалады. «Абайдың қазақ жазба тілінің прозадағы нормаларын белгілі бір жүйемен дұрыс қалыптастыруына саналы түрде қызмет еткенін көрсетеді» деген тұжырымы қазіргі ғылыми зерттеулер үшін де маңызды. Р.Сыздық Абай «Қара сөзінің» тіліндегі мынадай ерекшелікті баса көрсетеді: «толықтауыш бағынықтық етіп ұсынылуға тиісті сөйлемнің баяндауышы ашық райда келіп, мағына жағынан сабақтас, ал тұлғалануы жағынан салалас сияқты болып және бағынықтық компонент басыңқыдан бұрын келіп құрылған сөйлемдер. Мысалы: Ақыры ойладым; осы ойыма келген нәрселерді қағазға жазайын, ақ қағаз бен қара сияны еркек қылайын...». Ғалым мұндай нормаға сөйкес келмейтін сөйлемдерді «ой екіні түсетін сөйлем бөлігін алдымен айттып алу Абай прозасында осылай орын алғанын ескере отырып, ауызекі сөйлеудің «тәртіпсіз» тәртібі деп таңуға болады» деп жазады.

Абай «Қара сөздерінің» танымдық мәніне көңіл бөлген ғалым былай деп жазады: «Абай оқушы мен тыңдаушы қауымға өзі «ойыма келген нәрселер» деп жұпны көрсеткенмен, шын мәнінде, бүкіл дүниетанымдық, философиялық, тәрбиелік мазмұнды ой-толғамдарын, ақыл-насихатын, «заманды түзетпек» пікірлерін қазақ «өнер алды – қызыл тіл» деп санаған «жалпақ тілмен» ақ қағазға төккенде жұртының ежелден қалыптасқан, әлеуметтік нормаға айналған дәстүрін ұстайды: ауыздан шыққан сөздің әсем әрі әсерлі болуын нысанаға алады» деп жазады.

«Абайдың сөз өрнегі» жинағындағы «Абай тілін танудың қырлары» атты тарауда Абайдай данышпанның тілін зерттеуде екі түрлі мақсат көзделуі тиіс деп есептейді: біріншісі – Абайдың қазақ әдеби тілінің даму барысындағы алатын орны; екіншісі – оның тілдік-көркемдік шеберлігі, яғни Абайдың сөз өрнегі, поэтикалық тілі деген проблема. Иә, Рәбиға Сыздық осы мақсаттың екеуін де өз еңбектерінде шешуге үлес қосқан ірі ғалым болды.

Анар САЛҚЫНБАЙ,  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

## «ҚАРЫНДАС» СӨЗІНІҢ ТӨРКІНІ ТЕРЕҢ

Адам табиғатында пәлеге, жалаға, жаманшылыққа бір табан жақын жүретіні өзін танымай сырттан келетін жақсы-жаманды айыра алмай жүретін енжарлығынан, көрсеқызар еліктегіш, мақтаншақтығынан болады. Жақсылықты тез ұмытады, жаманшылықты жарты ғұмырына серік етеді. «Жақсылық ұзақ тұрмайды, жаманшылық әр кез тозбайды» деген Абай:

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтшы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы» дейді.

Қызылды-жасылды дүниенің соңынан қуып жүріп, ағайынның елдіктен кетіп бара жатқанының тағы бір мінезін көріп: «жаттың бір тәуір кісісін көрс, «жарықтық» деп жалбарынып, өз елінде одан артық адам болса да, танымайтынын жеткізеді.

Абайдың «Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да» деп басталатын өлеңінде:



«Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,  
Бірінің-бірі сөзін ұға алмай жүр.  
Құда-тамыр, дос-жаран,  
қатын-балаң –  
Олар да бірқалыпты бола алмай

жүр» деп мың қатпар мұқтаждығының бір парасын айтпақ болады. Абайдың осы өлеңін мектеп жасымнан оқып жүрсем де, «қарындас қара жерге тыға алмай жүр» деген жолды ағасының қыз балаға деген өкпесі екен деп ұғып келіп-

мін. Олай емес екен. Түркі тілдес халықтар «қарындас», «кардаш» деп бірге туған бауырластарды атайды. Қарындас – бір қарыннан, бір құрсақтан шыққан бауыр деген ұғымды білдіретінін кейін түсіндім. Қазір біздің сөз тіркесінде қолданылып жүрген «апа-сіңлі, аға-іні, бауыр» деп жүргеніміздің түп тамыры осы – қарындас сөзі. Қазақта: «Ауру – астан, дау – қарындастан» деген даналықтың төркіні, дау да, жау да алыстан келмейді, өзіңмен бірге туған ағайынның берекесіздігінен келеді деген ұғымды білдіреді.

Бұл сөзге тағы бір нақты дәлел, Абайдың Халилолаға жазған хатында да айтылады. Онда: «Бізге хат жазған Қамаридден моллаға сәлем айт. Саған қарындастық жолымен еткен көмегіне көп рақмет. Хатыңды алып көңілім жай тапты» дейді. Яғни Абай қарындастық жолмен көмек көрсеткен Қамаридден моллаға алғысын жеткізіп отыр.

Найманның Сыбан руынан шыққан Ақтайлақ бидің:

«Өкпе кімге жарасар,  
Қарындасқа жарасар.

Қарындастың ішінде Қадірлеске жарасар» деген даналық сөзін білеміз. Бұл жолдарда да «Қарындас» деп отырғаны қыз балаға арналған сөз емес, бір қарыннан шыққан ағайындас бауырларға айтылған наз деп ұғуымыз керек. «Ағайынның аты озғанша, ауылдасымының тайы озсын» деп, ағайынның атын, ауылдасының тайына қимағаны – дау-жанжалдың алдымен ағайыннан шығатынын айтқаны. «Қарындас» сөзінің қыз балаға телініп кетуінің себебі, кезінде ұстірт аударылған орыс тіліндегі «сестра» сөзінің баламасы болса керек. Сондықтан да мәні терең, тамыры сөзді өзінің ұғымымен түсінгеніміз абзал. Мың жылда бір-ақ рет келетін ұлылардың үндестігінен бөлек, жаратылысынан жаны бай, болмысы бөлек адамдардың дүниетанудағы сезіну қабілеті де бөлек. Хакімнің өзі айтқан, «көкірегі сезімді, көңілі ойлыға» бәрі анық көрініп тұратыны қандай ғажап?!

Алмахан МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ

# 10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№97 (4685) 15/08/2024 Бейсенбі

## ДҮЙСЕНБІ 19 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран  
6:05 «Киелі сахна».  
6:30 «Інжу-маржан».  
7:00 «ТАՆШОЛПАН».  
10:00 АҚПАРАТ  
10:10 «Зейнеп». Телехикая.  
12:10 «Тату-тәтті». Реалити шоу  
15:30 «Қызық екен...».  
16:20 «Сақшы арыстан». Мультхикая.  
17:00 АҚПАРАТ  
17:10 «Замандастар». Телехикая.  
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.  
20:00 АҚПАРАТ  
20:30 «Жат бауыр». Телехикая.  
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.  
23:10 АҚПАРАТ  
23:40 «Көңіл толқыны»  
0:20 «Сана».  
